

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

ТҮРКІ ЕЛДЕРІ ОРТАҚ МҮДДЕ ЖОЛЫНДА КҮШ ЖҰМЫЛДЫРУҒА ТИІС

Сарқылмасын Сыр - Ана!



ҮКІМЕТ КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАНЫ КӨЛЕҢКЕДЕН ШЫҒАРА АЛАДЫ МА?

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен осы аптадағы Үкімет отырысы көлеңкелі экономиканы төмендету бойынша қабылданып жатқан шараларды қарады. Бұл ретте Қаржы министрі Мәди Такиев баяндама жасапты.

Министрдің айтуынша «Бүгінгі таңда шағын және орта бизнес секторында салықтарды барынша аз төлеу және төлеуден жалтару схемалары әлі де сақталып қалып отыр. Мысал үшін, бір заңды мекенжай бойынша бірнеше компанияны тіркеу белең алған. Деректерге сәйкес тек 3,5 мың мекенжайда 20 мыңға жуық компания тіркелген, олардың салықтар бойынша берешегі 60,4 млрд. теңгені құраған. Қазір іс жүзіндегі қызметін анықтау үшін салықтық тергеп-тексерулер жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ көптеген кәсіпкерлердің кассалық тәртіпті сақтамауы да үлкен мәселе болып тұр. Бұл ел бюджетіне түсетін салықтар сомасының төмендеуіне тікелей әсер етеді. Азаматтардың кәсіпкерлерден фискалдық чек талап ету бойынша мәдениетін көтеруге ерекше назар аударған жөн, өйткені бұл, бірінші кезекте, олардың тұтынушылық құқықтарын қорғауға жатады. Мәселен, 2024 жылы 402 мыңға жуық чек бермеу дерегі тіркелді, бұл – есепке алынған бақылау-кассалық машиналардың жалпы санының 39%-ы. Сонымен қатар, 16,7 мың бақылау-кассалық машина POS-терминалдар мен QR-төлемдер бойынша түсімдер болғанымен чек бермеген. Бір ай бойы құн сайын тек бір ғана чек шығарып келген немесе түсімнің бірдей сомасын көрсетіп келген 260 мыңға жуық салық төлеуші анықталды. Айта кету керек, тиісті жұмыстар нәтижесінде биыл жағдай өзгерді және заң бұзушылықтар азайып келеді. Осы жылы 400 мың қассаның ішінен 70 мың кәсіпкер чек бере бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады. Осылайша, жоғарыда келтірілген цифрлық шешімдерді енгізу аталған фактілерді жедел анықтауға және жолын кесуге мүмкіндік береді».

Салық саласын цифрландырудың пайдасы зор екендігі қазірден-ақ байқалса керек. "Мәселен, электронды шот-фактуралар беру кезінде биометриялық жеке басын анықтау талабының енгізілуі 33 миллиард теңгеден астам сомаға жалған шот-фактуралар жазу әрекетінің алдын алған. Е-таңба жобасы арқылы енгізілген автоматтандырылған қадағалау жүйесі ҚҚС теңгерімін тексеруге және «сұр» схемаларды ерте бастан анықтап, жолын кесуге мүмкіндік берген. Қазірдің өзінде 250

млн. темекі қорабы және 55,6 мың тонна болатын мұнай өнімдері тәркіленді. Тексерістер нәтижесінде есептен тыс қалған 7 млрд. теңгеден астам акциз қайтадан есептелді. Жалпы салмағы 152 келі болатын есірткі заттарын әкелудің 55 фактісінің жолы кесілді, — дейді министр. Бұдан бөлек цифрландыру арқасында «агроөнеркәсіптік кешенде бюджеттік кредиттер мен субсидияларды мақсатына сай пайдаланбау, яғни мәмілелерді растамастан мал мен жабдықтар сатып алуға кредит беру;

Үкімет басшысы Олжас БЕКТЕНОВ:

БІЗГЕ ТАЗА, ӘРІ АШЫҚ ЭКОНОМИКА КЕРЕК...

- «Мемлекет басшысы биыл Жалпы ішкі өнімдегі көлеңкелі экономика үлесін 15%-ға дейін азайту міндетін қойды. Бұл көрсеткішті одан әрі төмендету беруге тиіспіз. Бізге таза әрі ашық экономика керек. Осы бағытта барлық мемлекеттік органдар мен бизнес субъектілерінің жұмысын күшейту қажет. Бұл жұмыс тек хат-хабар алмасып, есеп берумен ғана шектелмеуге тиіс. Экономика және салық тұрақтылығы, цифрландыру, сондай-ақ бизнес жүргізуді оңайлату ісінде сапалы әрі кешенді шешімдер қажет».

млн. электрондық шот-фактура және 500 млн. төлем өңделген. Жоба нәтижесінде бюджетке жылына 100 млрд. теңгеге дейін түсім түседі деп күтілуде». Одан бөлек 2024 жылдан бері Ұлттық Банкпен бірлесіп «Цифрлық қосылған құн салығы» пилоттық жобасын жүзеге асырылуда. Цифрлық теңгемен есеп айырысу ақшаны көлеңкеге жасыру жолын бұғаттап, барлық жеткізу тізбегін ашық етеді екен.

«Қаржы министрлігі акцизделетін тауарлардың көлеңкелі айналымына қарсы жүйелі шаралар ретінде таңбаланған тауарларды өткізуге қойылатын талаптарды қатаңдатып және таңбалау ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік қарастыру туралы бастама көтерді. Мәселен, 2025 жылдың 9 айында 1 млн. литрден астам алкоголь, сомасы шамамен 4 млрд. теңге болатын 6,6

қаражатты мақсатына сай пайдаланбау, кредиттерді депозиттерге орналастыру фактілері анықталған. - Мысал үшін "Ауыл аманаты" бағдарламасы бойынша 2 мыңға жуық қарыз алушы 13 млрд. теңге несиеcін ауыл шаруашылығын дамытуға қатысы жоқ мақсатқа жұмсағанын айтуға болады. Мемлекет қаражатты сұлулық салондарын, сауналар мен мейрамханалар, дүкендер ашуға жұмсалған. Бірқатар жағдайда инвестициялық жобаларды дамытуға берілген кредиттер түпкі мақсатқа қол жеткізбей пайдаланылған. Айталық Батыс Қазақстан облысында 2 млрд. теңгеге мал мен жабдықтар сатып алынбаған, ал Алматы облысында төмен пайызбен 1 млрд. теңге бюджеттік кредит алған қарыз алушы оны депозитке салып, 80 млн. теңге пайда тапқан», — деді Мәди Такиев.

• Түбі бір түркі жұртының тарихы – тамырлас, халықтарымызға ортақ сан гасырлық шежіреміз бар деп үнемі айтып жатырмыз. Мұның бәрі – берекелі бірлігіміз бен мәңгілік ынтымағымыздың алтын арқауы. Жақында елдеріміз «Түркі халықтарының ынтымақтастық күнін» атап өтті. Бұл – бірлігімізді бекемдей түсетін маңызды мереке. Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы достас халықтардың басын қосқан мәртебелі әрі беделді құрылымға айналды. Былтырдан бері Ұйымға құрметті Президент Садыр Жапаров бастаған қырғыз елі тиімді төрағалық етті. Қырғыз тарапына ризашылығымызды білдіреміз. Енді төрағалық құрметті Ильхам Гейдар оглудың басшылығымен Әзербайжан тарапына беріледі. Алдағы уақытта да Ұйымымыздың абырой-беделі арта түседі деп сенеміз.

• Осындай алмағайып заманда 30 жылдан астам уақыт шешімін таппаған шиеленіске қатысты Әзербайжан мен Арменияның Бейбітшілік декларациясына қол қойғанын ерекше атап өткім келеді. Бұл тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жол ашатын тарихи мәміле болды. Қазір әлемдегі геосаяси ахуал аса күрделі, сондықтан түркі елдері ортақ мүдде жолында күш жұмылдыруға тиіс. Бүгінде жаһан жұрты бізді зор сын-қатерлерге төтеп бере алатын, беделі мықты, ынтымағы жарасқан мемлекеттер ретінде таниды. Бірқатар ел біздің Ұйымға ерекше қызығушылық танытуда. Бұл ретте Қазақстан ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы+» форматын құру идеясын қолдайды. Осы бастама біздің Ұйымның халықаралық беделін арттыруға жол ашатыны сөзсіз.

• Біз 2040 жылға дейінгі Түркі әлемінің даму бағдарын толық іске асыруға баса мән беруіміз қажет. Бүгінгі саммит осы жоспарды нақты шаралармен толықтыруға тиіс. Ұйымға қатысушы ер мемлекеттің өзіне тән артықшылығы және жетістігі бар. Соған қарамастан Ұйым аясында сауда-экономика саласындағы ірі жобаларды жүзеге асыру үшін нақты тетіктер ұсынылған. Соның бірі – Түркі инвестициялық қоры. Осы қаржы ұйымының мүмкіндіктерін барынша пайдалануымыз керек. Биыл Түркістанда елдеріміздің экономика және сауда министрлері бас қосады. Сол кезде Қор қаржыландыратын жобалар тізімін жасаған жөн болар еді. Өнеркәсіп саласындағы ықпалдастық елдеріміздің экономикасын өртараптандыру ісінде маңызды рөл атқарады. Осы орайда Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының әлеуеті зор деп есептейміз. Келесі жылы осы палатаға Қазақстан төраға болады. Бұл бағытта біз нақты жобаларға басымдық беретін Өнеркәсіптік кооперация бағдарламасын қабылдауды ұсынатын боламыз.

• Елдеріміз Шығыс пен Батысты, Оңтүстік пен Солтүстікті жалғайтын тоғыз жолдың торабы – Еуразия төрінде орналасқан. Қазір Қазақстан аумағы арқылы 5 халықаралық теміржол дәлізі өтеді. Азия мен Еуропа арасында тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы Қазақстан арқылы жөнелтіледі. Жақында біз «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісін іске қостық. Бұл қадам ТрансҚазақстан теміржол дәлізін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Жаңа жол жүк тасымалының көлемін 5 есе арттыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа тағы да екі маңызды теміржол салынып жатыр. Осы жобалар аймақтық логистиканы өртараптандыру ісіне тың серпін беретіні анық. Транскаспий халықаралық көлік бағдары Еуразиядағы жол торабының стратегиялық бөлігіне айналады. Соңғы 5 жылда Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі 6 есе өсті. Жақында Ұйымға мүше мемлекеттердің көлік министрлері Алматыда бас қосты. Тараптар кездесуде осы жол бағдарына қатысты бірқатар келісімге қол жеткізді. Бұл ретте біз түркі мемлекеттерін Орта дәліз бойындағы әуе хабтары, теміржол бекеттері және теңіз порттары инфрақұрылымын жаңғыртуға белсене атсалысуға шақырамыз. Қазір көлік-транзит саласын цифрландыруға қатысты жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Осы орайда Жасанды интеллект технологиясын пайдалану тиімді болатыны сөзсіз. Сондықтан беделді сарапшыларды тарта отырып, Ұйым аясында арнайы Цифрлық мониторинг орталығын құру мәселесін талқылауды ұсынамыз.

• Жасанды интеллектіні жаппай дамыту үшін білікті мамандар даярлауды қолға алдық. Бағдарлама аясында жыл басынан бері 400 мыңнан астам студент арнайы білім алды. Сондай-ақ жасанды интеллект мамандарын оқытатын тұңғыш зерттеу университетін ашуды жоспарлап отырмыз. Қазақстан осы оқу ордасында білім алуға ниет білдірген түркі елдерінің жастарына арнайы гранттар бөлуге дайын.

• Жуырда Астанада Alem.AI жасанды интеллект орталығы ашылды. Соның негізінде Түркі мемлекеттері ұйымының Цифрлық инновациялар орталығын құруды ұсынамыз. Бұл Орталық стартаптарды қолдап, бірлескен жобаларды дамытуға жол ашады. Жасанды интеллект саласында тәжірибе алмасуға және венчурлік капитал тартуға мүмкіндік береді. Біз цифрландыру және жасанды интеллектінің әлеуетін халықтарымыздың игілігі үшін ұтымды пайдалануымыз қажет. Сонымен қатар жаңа технологиялардан туындайтын төуекелдер мен сын-қатерлердің алдын алуымыз керек. Сондықтан келесі жылы Қазақстанда өтетін Ұйымның бейресми саммитін «Жасанды интеллект және цифрлық даму» тақырыбына арнаууды ұсынамын. Осы жиының қарсаңында білікті сарапшылардың басын қосып, халықаралық конференция ұйымдастыруға дайынбыз.

• Қазіргі жағдайда энергетика мәселесіне де баса мән беру керек. Бұл – экономикамыздың тірегі, стратегиялық әріптестігіміздің негізі. Бүгінде біз ортақ инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырудамыз. Энергия тасымалдаудың қауіпсіз әрі ыңғайлы жолдарын қарастырып жатырмыз. Қазақстан, Әзербайжан және Өзбекстан арасындағы жасыл энергия дәлізі – осы саладағы жемісті ынтымақтастық үлгісі. Сонымен бірге жаңартылатын энергия көздеріне, өң алдымен, күн энергиясына айрықша назар аудару қажет деген ойдамыз. Осыған орай, Түркі мемлекеттері ұйымы аясында Энергия тиімділігі жөніндегі озық тәжірибе кеңесін құруды ұсынамыз. Дегенмен мұнай мен газды, уранды, көмірді, сирек кездесетін минералдарды игеру және оларды тиімді пайдалану Қазақстанның энергетикалық стратегиясының негізі болып қала береді.

• Қазір әлемде аса күрделі мәселеге айналған су тапшылығы таяу арада Орта Азиядағы ең өзекті сын-қатер болуы мүмкін. Өзен-сулардың ортақ игілік екенін ескере отырып, оны тиімді пайдалану үшін жаңа тәсілдер керек деп санаймыз. Суару жүйесіне цифрлық бақылау орнату, тамшылатып суару әдістерін кеңінен қолдану, су қоймаларының тиімділігін арттыру жөнінде бірлескен бағдарлама қабылдауға болады. Қазір Каспий теңізі тартылып бара жатқанын білесіздер. Бұған бәріміз алаңдап отырмыз. Қарт Каспийдің түркі жұрты үшін орны қашанда бөлек. Оны халықтарымыздың арасындағы дәнекер деуге болады. Соңғы жылдары теңіз деңгейінің төмендеуі аймақтың экологиясы мен экономикасына кері әсерін тигізіп отыр. Бұл – жаһандық ауқымдағы мәселе. Мен мұны Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитінде және Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерекелі сессиясында айттым. Біз тамырлас және шекаралас елдер ретінде Каспий теңізінің ахуалын жақсартуға баса мән беруіміз керек. Мен түркі мемлекеттерін осы бағытта күш біріктіріп, бірлескен жобалар әзірлеуге, халықаралық бастамаларды қолдауға шақырамын. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен келесі жылы сәуірде Өңірлік саммит өткізуді жоспарлап отыр. Тақырып: «Тұрақты болашақ жолындағы ортақ көзқарас». Біз түркі елдері осы саммиттің жұмысына жоғары деңгейде белсене қатысады деп үміттенеміз.

• Ұйымға мүше елдер арасында сауда-экономикалық және саяси ықпалдастықпен қатар, мәдени-гуманитарлық байланыс та нығайып келе жатыр. Биыл Ақтау қаласы Түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Соның аясында бірқатар іс-шара ұйымдастырылды. Каспий жағалауында түркі мәдениетінің фестивалі өтті. Осы маңызды іс-шараға 100 мыңнан астам көрермен қатысты. Бұған қоса, биыл Алматы қаласы Түркі әлемі жастарының астанасы атанды. Біз өскелең ұрпақты бауырластық рухында тәрбиелеп, жастарымыздың мәдени ықпалдастығын нығайтуды қолға алуымыз қажет. Осыған орай, келесі жылы Алматыда Креативті экономика форумын өткізуді ұсынамыз. Мұндай қадам жастарымызды жақындастыруға, олардың білімін және білігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақта «Өнерлі өрге жүзеді» деген сөз бар. Шын мәнінде өнер, білім, ғылым құндылықтары өркениетіміздің өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Қазақстанда елдеріміздің зиялы қауым өкілдерінің басын қосып, арнайы іс-шара өткізген орынды болар еді. Бұл іс-шараны Ұйымымыздың Ақсақалдар кеңесінің аясында өткізуге болады. Оның үстіне Түркі әлемін зерттеушілер клубын құруды ұсынамыз. Оны Түркі Академиясының негізінде қалыптастыруға болады.

• Әзербайжанның әйгілі ақыны әрі осы тарихи жердің тумасы Бахтияр Вахабзадениң «Түріктің түрікке дұшпандық жасауға хақысы жоқ!» деген өсиеті бар. Біз аға буынның ұлағатты сөздерін жадымызда сақтап, түріклердің түбі бір туыс, бірлігі бекем бауыр екенін бүкіл әлемге паш етіп келеміз.

Түркі мемлекеттері ұйымының XII саммитінде сөйлеген сөзінен

БЮДЖЕТ ЦИФРЛАНЫП, АШЫҚ БОЛУЫ КЕРЕК

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жүйесін жаңғырту, көлеңкелі экономиканы төмендету шаралары талқыланды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет жиынынан кейін осы және өзге де мәселелелер бойынша өткен облыс әкімдігінің жиынында облыс әкімі осы мәселелер бойынша сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

– «Жылдың аяқталуына аз уақыт қалды. Тиісті шаралар қабылданып, міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру саласының негізгі нысаналы индикаторлары толық орындалуы керек. Арнайы сақатты азаматтарды жұмыспен қамту, сақтандыру, жалпы әлеуметтендіру өте маңызды.

Президентіміз экономикаға қауіп төндіріп, залал келтіретіндердің жолын кесу шараларын үздіксіз жүргізуді тапсырғаны белгілі. Жоспарланған жұмыс көлемінің нақты орындалуы, бюджет қаржысының мақсатты пайдаланылуы бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының, мемлекеттік кірістер, ішкі мемлекеттік аудит департаменттерінің ұдайы бақылауында болуы тиіс.

Бюджеттік бағдарлама әкімшілері қаржы бөлінгеннен бастап түпкілікті нәтижеге қол жеткізілгенге дейінгі іс-қимылдарды цифрландырып, оның ашықтығын қамтамасыз етуі керек. Тұрақты мониторинг жүргізіліп, бюджет қаржысы мақсатты жұмсалуды қажет.

Мемлекеттік кірістер департаменті Қызылорда қаласы, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, заңсыз айналымдардың алдын алу шараларын күшейтіп, мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер көлемін арттырыңыздар.

Жылу беру маусымының басталуына бір апта уақыт қалды. Өткен мәжілісте көмір қорын жасақтауды тапсырғанмын. Жылу беру маусымында қатты отын, көмір қорына қатысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Көмір жеткізу, қажетті қорды жасақтау жұмыстарын күшейтіңіздер.

Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан дайын 3 800 пәтерді сатып алуға 58 млрд. 785 млн. теңге қаржы бөлінді. Жаңа тұрғын үйлердің сапасына қатысты да ешқандай мәселе болмауы тиіс», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

МӘМС–ті ТӨЛЕМЕГЕНДЕР АЗАЯДЫ

Қызылорда облысы әкімінің төрағалығымен өткен «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жаңғырту» және «Көлеңкелі экономиканы төмендету шаралары туралы» мәселелер қаралған жиынан кейін қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов та жиын өткізіп, алдағы міндеттерді пысықтады.

Көлеңкелі экономиканы төмендету – қаланың салықтық түсімдерін ұлғайту мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарты. Шаһарда көлеңкелі экономиканы азайту мақсатында кәсіпкерлерді салықтан жалтаруға қарсы және заңсыз бизнестен қорғау шаралары жүзеге асырылуда. Ағымдағы жылы 210 салық төлеушіден 2 125 жасырылған жұмысшы анықталып, бюджетке 511 млн. теңге қосымша түсім түскен. Сонымен қатар мақсатына сай пайдаланылмаған 25 жер пайдаланушыға салық мөлшерлемесі 20 есеге арттырылып, 22,3 млн. теңге бюджетке өндірілген.

– «Біз кәсіпкерлік және басқа да жылжымайтын мүлік нысандарына қайта бағалау жүргізуді жалғастыруымыз керек. Сондықтан жұмыстарды шұғыл үйлестіріп, нысандарды толық түгендеп, қайта бағалау нәтижелерін салық базасына енгізуді қамтамасыз ету қажет», - деді Нұржан Сәбитұлы.

Қызылорда қаласы бойынша «Д» санатында МӘМС–ті төлемеген адам саны жыл басынан 13 997-ден 16 199 ға өскен. Ал, «Е» санаты бойынша 6 426 дан 6 680-ге артқан. Бұл бағытта тиісті бөлімдер және кент, ауылдық округ әкімдіктері бірлесіп, жыл соңына дейін «Д», «Е» санатындағы азаматтардың санын азайту бойынша жұмыстарды жүргізетін болады.

Жиында күн тәртібіндегі мәселелерден бөлек жылу беру жайы мен «Қала күнін» мерекелеудің жоспары талқыланып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктелді.

7 МЛН.–ға дейін несие алғандар алаяқтардың құрбаны бола береді ме?

Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттарына Ашық хат немесе заңсыз рәсімделген несие құрбандарының жанайқайы

Сенаторлар мен Парламент мәжіліс депутаттарының қолдауымен ҚР АПК 434-бабы, 2-бөлігі, 3 тармағы 2015 жылғы 31 қазандағы №377-V ҚРЗ заңына өзгеріс енгізіліп (3), талап қою сомасы екі мың айлық есептік көрсеткіштен кем болған кезде жеке тұлғалардың және талап қою сомасы отыз мың айлық есептік көрсеткіштен кем болған кезде заңды тұлғалардың мүлкітік мүдделерін қорғауға байланысты қабылданған болатын.

Осы қабылданған заңның тармағы екінші деңгейдегі Банктердің және азаматтардың келісімсіз азаматтарға сырттай несие қаражатын рәсімдеу арқылы олардың құқықтарының бұзылуына жол беріп отыр. Азаматтың атына рәсімделген қаражаттың заңсыздығына қарсы сотқа арыз берген уақытта жоғарыдағы қабылданған заң екінші деңгейдегі Банктердің заңсыз әрекеттеріне және алаяқтардың әрекеттеріне заң жүзінде қолдау білдіріп отыр деп түсінеміз.

Республикалық адвокаттар алқасы жоғарыдағы көрсетілген заңның нақты айтқанда ҚР АПК 434-бабы, 2-бөлігі, 3 тармағы, БҰҰ-ның Халықаралық адам құқықтарын қорғау пәктілеріне, ҚР Конституциялық құрылымына қарсылығын адам құқықтарының қорғалмайтынын алға қойып наразылығын білдірген.

Жоғарыдағы көрсетілген ҚР АПК 434-бабы, 2-бөлігі, 3 тармағы заңына сеніп, алаяқтық құрбаны

сотқа барғанымен халықтың құқығы қорғалмайтынын ескеріп, Банк заңсыздықтарға жол беріп отыр.

Атап айтқанда – несие рәсімдеу бойынша банктік қызметтерді көрсету қағидаларының талаптары орындалмайды.

- Банктік қарыз шартын жасау тәртібі, оның ішінде құжаттардың түпнұсқаларын рәсімдеу және сақтау талаптары бұзылуда;

- Шот иесінің нұсқауынсыз оның шоты бойынша бірнеше мәрте кіріс операциялары жүргізілуде;

- Қарызды өтеу есебіне алынбаған қаражаттың құжаттарының ақша ұстап қалынууда;

- Жасалған банктік қарыз шарты шеңберінде бір жақты тәртіппен жаңа комиссия ендірілуде;

- Жеке есепшот иесінің келісімсіз салынған тыйым салу сомасынан асатын мөлшердегі ақша бұғатталуда;

- Ішкі ережелерді, рәсімдеу процестері сақталмауда;

- Шот иесінің сұрауынсыз, несиені алғаны жөнінде ешқандай құжатсыз, нұсқауынсыз шотына несие рәсімделуде;

- Борышкердің берешегінің туындау сипатына қатысты жаңылыстыратын жосықсыз іс-әрекеттер жасалуда;

Жеке азаматтардың есепшотын Банк өз мақсатында ақша айналымына айналдырып, заңсыз несие рәсімдеп, пайдаланып

отырғаны заңсыздық емес пе?

Нәтижесінде Банктер арқылы заңсыз несие рәсімдеп, оны талап етіп, сотқа дейін апарып, сот жүйесі заңсыз несиелердің жәбірленушісіне ҚР АПК 434-бабы, 2-бөлігі, 3 тармағын алға тартып, яғни берешек көлемі 2000 АЕК жетпейтінін алға тартып, істі қараусыз қалдыру арқылы миллиондаған халық зәбір шегіп отыр.

Қорытындысында заңсыз, айлакерлікпен ешқандай құжатсыз рәсімделген несиені Банк сот орындаушылар арқылы өндіріп алу кесірінен қаншама отбасы зардап шегіп отыр.

Сондықтан осы заңның күшін жоюға мүмкіндік бар ма деген сұрақ әркімді де ойландырады.

P.S. 2000 АЕ көрсеткіш бүгінгі күні 7 млн. 864 мың теңге. Шағын бір кәсіп бастағысы келетін, күнкөріс үшін көлік алғысы келетін, немесе өмірінің қуанышты сәтінің бірі баласын үйлендіргісі, қыз ұзатысы келетін қарапайым қара шаруа қазақтың алатын несиесінің көлемі осы 7 млн.–ға дейінгі мөлшер. Егер де сотта қаралуы үшін 2000 айлық есептік көрсеткіштен асатын несие ғана қаралатын болса, алданған, алаяқтық құрбаны болған қара халықтың құқығын кім қорғайды?

Хатқа бірнеше Үкіметтік емес ұйым жетекшілері қол қойған

МӘМС КАТАРАКТАНЫ ЕМДЕЙДІ

9 қазан – Дүниежүзілік көру күні. Көру қабілетінің төмендеуінің ең кең таралған себептерінің бірі - катаракта. Бұл ауруды емдеу міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында қолжетімді.

Қызылорда қаласының тұрғыны Николай Панкин көру қабілетінің нашарлауына байланысты емханаға жүгінген. 75 жастағы жүргізушіде катаракта анықталды. Көпбейінді облыстық ауруханада фактомальсификация әдісімен ота жасалды.

- Ауруханаға алаш рет түстім. Бұған дейін денсаулығым сыр берген жоқ. Көлік жүргізгенде көруім нашарлап, көзім бұлодырап кетті. Оң көзіме ота жасалды. Қазір анық көремін! Келесі айда сол көзіме ота жасалады. Осының бәрі МӘМС аясында тегін жүргізілді. Дәрігерлерге алғысым шексіз, – дейді Николай Панкин.

Облыстың бас офтальмологы Бағжан Өтепбергеновтің айтуынша, бұл ота бұлыңғырланған табиғи көз бұршағын мөлдір жасанды линзаға алмастыруға бағытталған. Ультрадыбыстық процедура ауыртпалықсыз және небәрі 10-15 минут уақыт алады.

- Фактомальсификация тігіссіз және ұзақ оналуды қажет етпейді. Орташа есеппен мұндай отаның құны – шамамен 600 мың теңге. Бірақ МӘМС жүйесінде сақтандырылған азаматтарға ол толықтай тегін. Көру қабілетін жылына кемінде бір рет тексеріп тұруды ұсынамыз. Әсіресе 40 жасстан асқан азаматтар глаукоманы ерте анықтау үшін скринингтен өтуі қажет, — деп атап өтті Бағжан Өтепбергенов.

СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Халықаралық қарттар күніне орай, Қармақшы аудандық сотының ұжымы сот жүйесінің ардагері Рахия Шауханбайқызы Бисенованы мерекемен құттықтады.

Сот төрағасы Қ.Мыханов өз сөзінде Р.Бисенованың ұзақ жылдар бойы табанды еңбек етіп, сот жүйесінің дамуына қосқан үлесін ерекше атап өтіп, жылы лебізін жеткізді.

Өз кезегінде Рахия Шауханбайқызы сот ұжымына шын жүректен алғысын білдіріп, ізгі тілегін жеткізді.

Қазалы аудандық сотының ұжымы да сала ардагерлері Мұхиядин Жақыпов, Нұрсәуле Аманбаева, Марияш Таласбаева, Шайзада Ешимова, Күлсім Өмірзақ, Қарашаш Изимбетова мен Мира Асанованың шаңырағына арнайы барып, мерекемен құттықтады.

Ардагерлерге игі тілектер айтылып, мерекелік сый-сияпаттар тарту етіліп, көп жылғы еңбектеріне құрмет көрсетілді.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облыстық сотында «Тергеу судьясының өкілеттіктері: қылмыстық процестегі сот бақылауы мен құқықтық көпілдіктер» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Оған Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьялары, Қызылорда қаласының мамандандырылған тергеу сотының төрағасы мен судьялары, облыстық және қалалық прокуратура өкілдері, Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті, облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасының өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстел барысында

Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы Қ.Абдуллаев көтеріліп отырған мәселелердің маңыздылығына тоқталды.

Қызылорда қаласының мамандандырылған тергеу сотының төрағасы Ғ.Чингисов «Тергеу судьясының қылмыстық процестегі рөлі, сот бақылауының мәні мен түрлері (санкция беру, тергеу әрекеттерін бақылау), құқық қорғау органдарының өтінішхаттарын қарау тәжірибесі» тақырыбында баяндама жасап, бірқатар маңызды мәселелерді атап өтті.

Дөңгелек үстел соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

СУДЬЯҒА АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Қызылорда облыстық сотының поштасына «О» қоғамының директоры Е.А.Щербактың алғыс хаты келіп түсті.

Алғыс хатта автор Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.Еламановтың істі объективті түрде қарап, ұсынылған құжаттарды мұқият зерделеп, әділ шешім шығарып, тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғағанын көрсеткен. «Судьяның азаматтардың құқықтарын қорғау жолындағы қызметіне алғыс білдіреміз» - делінген Алғыс хатта.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

2025 ЖЫЛДЫҢ ІҮТОҚСАНЫНДА ҚАРМАҚШЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін қызметкердің аты –жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін қызметкердің лауазымы	Қабылдау жүргізетін күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қармақшы ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Естараев Аязбек Тайжанович	Қармақшы ауылдық округі әкімі	Апта сайын Сәрсенбі, бейсенбі күні: сағат 17.00-19.00-ге дейін	Қармақшы ауылы, Сейфуллин көшесі, №6 үй	26-2-65
Сенім телефоны 8(72437)26-2-65					

НЫСАНАЛЫ ЖИНАҚТАР МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНЫЛУДА

2025 жылғы 1 тамыздағы деректер бойынша 2024 жылдың 1 ақпанынан бастап «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) **16,51 млнАҚШ** долларына **126 468** өтініш орындап, өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударды. Оның ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында **10,56 млнАҚШ** долларына **78 862** өтініш, білім алу ақысын төлеу үшін **5,95 млн** АҚШ долларына **47606** өтініш орындалды. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы, ақшаның пайдаланылмаған қалдығы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қала береді.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту аясында қазақстандықтар қаржыларын көбінесе мынадай мақсатта пайдаланды: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (10,32 млнАҚШ долларына 76 954 өтініш орындалды), тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу – 77,82 мың АҚШ долларына 619 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 57,02 мың АҚШ долларына 478 өтініш.

Білім алу ақысын төлеу бойынша ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезек немесе оқу жылы үшін) немесе бір рет толық көлемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (5,29 млнАҚШ долларына 41 870 өтініш орындалды), білім алу үшін жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім алу жинақтау салымын толықтыру (475,14 мың АҚШ долларына 4 163 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының оқыту қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезек немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (151,67 мың АҚШ долларына 1 284 өтініш орындалды).

Нысаналы жинақтар төлемін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында пайдалану бойынша уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enrf.kz сайтында танысуға болады.

Нысаналы жинақтар төлемін алу үшін алушыға не оның заңды өкіліне БЖЗҚ-мен тиісті келісім жасаған уәкілетті операторға жүгіну қажет. Өтінішті «Отбасы банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі»АҚ-ның бірінің интернет-ресурсы немесе мобильді қосымшасы арқылы беруге болады. Айта кетейік, 01.08.2025ж.бастап аталған тізім «Банк ЦентрКредит»АҚ жаңа уәкілетті операторымен толықтырылды.

Естеріңізге сала кетейік, «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына сай Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50%-ы жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған, Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін балалар арасында бөлінеді.2023 жылы барлық НЖ алушыларына **100,52 АҚШ доллары**, 2024 жылы – **129,38 АҚШ доллары** есептелгенін хабарлаймыз. 2006 жылы туған азаматтарды қоспағанда, 2023 жылы Ұлттық қордан алғашқы қаражат есептелген балаларға ағымдағы жылы **3,04 АҚШ доллары****мөлшерінде инвестициялық кіріс** есептелді. Нәтижесінде, 2006 жылы туған баланың нысаналы жинағы**100,52 АҚШ долларына** тең болса, 2007 жылы туған баланың НЖШ-да **232,94 АҚШ доллары** жинақталды.

Кәмелетке толған азаматтар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс, содан кейін уәкілетті операторға АҚШ долларында банктік шот ашып, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу үшін НЖ төлеміне онлайн-өтініш беру үшін жүгіне алады.

АДАМ мен ЖАНУАРЛАРДЫҢ ПАРАЗИТТІК АУРУЫ

Эхинококкоз – адам мен жануарлардың паразиттік ауруы, ауыр созылмалы түрімен сипатталады. Аурудың себебі – эхинококк, альвеококк таспа тұқымдас паразиттік құрттары.

Эхинококк иттердің ішектерінде паразиттік өмір кешеді, кейде қасқырларда кездеседі. Эхинококктың жұмыртқалары немесе құрттары осы жануарлардың нәжісімен шығып, оның жүндерін ластайды, сонымен қоса ауырған иттің сумен, топырақпен, шөппен, үй-жайларда байланыс болған жағдайларда жұқтырылады.

Эхинококк жұмыртқалары сыртқы ортада жақсы сақталады. Су және жем-шөппен бірге ауылшаруашылық жануарларының ішектері арқылы олардың бауыр мен өкпелеріне енеді. Мұнда құрттар эхинококкты көпіршікке айналады, оның мөлшері 10-20 см дейін жетугі мүмкін. Бір жануарда бауырдың және өкпенің эхинококкты көпіршікпен бірнеше жерден зақымдануы байқалады.

Көпіршіктің іші түссіз сұйықтықпен толтырылған және құрамында эхинококктың «құм» — ең кішкентай эмбриондардың массасы — сколекс бар. Иттерді зардап шеккен мал мүшелерімен тамақтандыру кезінде де жұқтырылады.

Адам эхинококк жұмыртқаларымен ластанған сумен, тамақпен немесе кір қолдарын аузына салғаннан кейін жұқтырады. Эхинококк жұмыртқалары малдың жүндері арқылы түсуі мүмкін (егер ит ластанған жерге қойлар, сиырлар жатса), одан әрі — малды күту, қырку, сауу және т. б. кезінде

адамның қолына жұғады.

Эхинококкалы паразит адамның кез-келген органына әсер етеді, бірақ көбінесе бауыр мен өкпе зардап шегеді, эхинококкоз ауруы дамиды.

Эхинококкозбен ауыратын науқаста зардап шеккен органы біртіндеп үлкейеді. Паразиттер бауырға шоғырланған кезеңде оң жақ қабырғаның астында ауырлық, ауырсыну байқалады, егер өкпеге әсер етсе, науқас кеудедегі ауырсыну, жөтел, енгіту, кейде қан қақырық түсіреді. Эхинококкты көпіршік бронхқа, іш қуысына, плевра қуысына еніп немесе іріңдеуі мүмкін. Бұл асқынулар өте қауіпті және өлімге әкелуі мүмкін. Эхинококкозды хирургиялық әдіс арқылы емдейді. Көпіршікті қабықпен бірге тұтастай алып тастау жүзеге асырылады, әсіресе жаралар мен қуыстардың екінші рет тұқымдалуына жол берілмеу керек. Эхинококкозға қатысты іс-шаралар халық арасында да, жануарлар арасында да жүргізіледі. МАҢЫЗДЫСЫ: ауыл шаруашылығы жануарларын ауаларда союға және зақымдалған мал ағзаларын иттерге азықтандыруға жол бермеу.

Сонымен қатар, тиісті әкімшілік аумақтың ветеринар маманына хабарласып иеліктеріңіздегі асырап отырған иттер есепке алына.Тіркеуде тұрған иттерге ветеринар мамандар тарапынан тоқсан сайын эхинококкоз ауруына дигельминтизация жүргізіледі. Осылайша, сіз өзіңізді және туыстарыңызды эхинококкоз ауруын жұқтырудан қорғай аласыз.

Жанақорған аудандық ветеринариялық станциясы

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген.	Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Сурет сапасына редакция жауап бермейді

Қзылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

ЕЛ МҰРАТЫ мен ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ АДАЛ БОЛАЙЫҚ

Қызылордадағы Өнер орталығында өткен Мұғалімдер күніне арналған «Ұстаз – ұлт шамшырағы» атты салтанатты шарада баяндама жасаған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтың білім саласында атқарылған жұмыстарды атап өтті. Сөз басында ұстаздарды төл мерекесімен құттықтады.

Биыл облысымыздың бюджеті 850 млрд. теңгеден асты. Оның 346 млрд. 800 млн. теңгесі құрылыс жұмыстарын қоса есептегенде білім саласына бағытталды. Бұл облыс бюджетінің 40 пайызын құрайды. 2022-2024 жылдары өңірімізде сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында бюджеттен 812 млрд. 245 млн. теңге бөлінді. Өткен жылы қаржыландырудың барлық көздерінен 31 млрд. 800 млн. теңгеге 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд. 400 млн. теңгеге 10 мектептің құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілуде. 2023 жылдан бастап облыстық бюджеттің есебінен 5 млрд. 700 млн. теңгеге 2 900 орындық қосымша ғимараттар салынды. Нәтижесінде өңірімізде үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

«Білімді қолдау қоры» арқылы 8 млрд. 400 млн. теңгеге физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты бой көтеріп, ел игілігіне табысталды.

Аталған қор есебінен 2 млрд. 333 млн. теңгеге Арал ауданы Мергенсай елдімекенінен заманауи 150 орындық мектептің құрылысы жүруде. Білім ордасы алдағы қараша айында пайдалануға беріледі. Демеушілер есебінен Арал ауданы Тоқабай ауылындағы апаттық мектептің орнына 500 млн. теңге болатын жаңадан білім ордасы салынып, салтанатты түрде ашылды. Алдағы үш жылда өңіріміздегі 51 мектеп күрделі жөндеуден (реновациядан) өтеді деген жоба бар. Биыл бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 2 млрд. 400 млн. теңге бөлініп, 9 мектеп қайта жаңғыртудан өтті. Соңғы үш жылда 5 млрд. 300 млн. теңгеге 15 мектептің ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ағымдағы жөндеу

жұмыстарына 2022 жылдан бері 2 млрд. 600 млн. теңге бөлінді. Осылайша апатты жағдайдағы 7 мектептің мәселесі толық шешімін тапты.

Қайтарылған активтер есебінен 8 млрд. 200 млн. теңгеге 5 мектептің құрылысы қаржыландырылатын болады. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы

млрд. 600 млн. теңге бөлді.

Қордың «Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында 2 млрд. теңгеге 8 мектептің пәндік кабинеттері қайта жабдықталды. Екі жарым мыңнан астам ауыл балалары жазғы лагерлерде демалды. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған арнайы



Мұғалімдер күні қарсаңында Өнер орталығында өткен салтанатты шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ескелең ұрпаққа тағылымды тәрбие, озық білім беру ісінде зор жауапкершілік арқалаған мәртебелі мамандық иелерін, Мемлекет басшысының қолынан мемлекеттік награда алған ұстаздарды құттықтады.
– «Күні кеше мерекеге орай Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы бір топ ұстаздарды Ақорда төрінде қабылдап, мемлекеттік наградалар табыстады. Салтанатты қабылдауда жерлестеріміз, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Жанбершиева Ұлжан Нахатқызы «Парасат» орденімен наградталды. Ардагер ұстаз Серекеева Күміскүл Дүйсенқызына «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы берілді. Марапат иелерін барша Сыр жұртшылығының атынан шын жүректен құттықтаймын!», – деді аймақ басшысы.

8 шағын жинақты мектептердің материалдық базасы нығайтылады.

Қордың қолдауымен жаңадан жабдықталатын мектептердегі 1745 педагог облыстық бюджет есебінен арнайы оқытудан өтеді.

– «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы«Қазір – білім мен ғылымның заманы. Жаһандану дәуірінде озық білімді игерген, жаңа технологияны меңгерген елдің ұпайы түгел болады. Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелі алсақ, ертең заман көшінің басында жүреміз. Сондықтан осы саланы қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді», – деген болатын.

«Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен білім саласында ауқымды жобалар мен тың бастамалар жүзеге асуда. Биыл облысымыздың бюджеті 850 млрд. теңгеден асты, 2022 жылдан бері 233 пайызға өсті. Оның 346 млрд. 800 млн. теңгесі білім саласына бағытталды. Бұл облыс бюджетінің 40 пайызын құрайды. 2022-2024 жылдары өңірімізде сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында бюджеттен 812 млрд. 245 млн. теңге бөлінді.

Ұлттық тәрбие мен заманауи білімді бір-бірімен ұштастырып, білімді ұрпақ тәрбиелеу – Сіздерге жүктелген абыройлы міндет! Ардақты ұстаздар, ел мұраты мен ұрпақ тәрбиесіне адал болайық. Өз уақытын аямаған, өзгенің бақытын аялаған ұстаздарға қандай мақтау, мадақ айтсақ та жарасады. Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, Өздеріңізге мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңызға қақ-береке тілеймін», – деді Нұрлыбек Машбекұлы өз құттықтауында.

Әкім баяндамасында белгілі болғанындай жас ұрпаққа қосымша білім беру жүйесін дамыту мақсатында құны 11 млрд. теңге болатын балалар

компаниясының демеушілігімен Қызылорда қаласында 2 млрд. 500 млн теңгеге заманауи үлгідегі 350 орындық Оқушылар сарайы ашылды.

Қазіргі таңда қайта жаңғыртудан өтіп жатқан Президент саябағында 10 млрд. теңгеге жылдың 4 мезгілінде үздіксіз жұмыс жасайтын 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері бой көтеруде. Бұл жерде балалар Дария жағалауында серуендеп, таза ауамен тыныстап демалады. Бойына күш-қуат жинап, көңіл сергітіп, білімін шыңдайтын ерекше орын болады. Саябақта 5 млрд. теңгеге Ботаникалық білім беру орталығының (қысқы бақ) ғимараты салынуда. Ғимараттың ауданы 3 420 шаршы метрді құрайды.

Ботаникалық бақта жас жеткіншектердің ой-өрісін кеңейтіп, өсімдіктердің экожүйедегі маңызын түсінуге мүмкіндік береді. Жасыл екпелерді өсірудің ерекшеліктерін тәжірибелік түрде үйреніп, табиғатты аялауға баулиды.

Жастарға кәсіптік білім беру, оларды жұмысшы мамандықтарға дайындау өте маңызды міндет. Быылғы «Жұмысшы мамандықтар» жылы аясында Қызылорда қаласында кәсіптік білім беру және жұмысшы мамандықтарының «Құзиреттілік орталығы» ғимаратының құрылысы басталды. Орталық заманауи технологиялармен жабдықталып, еңбек нарығына қажетті, білікті кадрларды даярлауға мүмкіндік береді. Жоба құны 5 млрд. 200 млн. теңгені құрайды.

4 млрд. 800 млн. теңгеге жаңадан Музыкалық колледждің оқу ғимаратын жатақханасымен бірге салып, ел игілігіне табысталды.

Сөз соңында аймақ басшысы Н.Нәлібаев:

– Ұстаз бен шәкіртке барынша жағдай жасау – біздің азаматтық борышымыз!

Ұстаздық – кез келген кәсіптен биік, ұлы мамандық.

Ұстаз – адам бойындағы асыл қасиеттерді оятып, ұрпақ санасына білім мен парасаттылықты сіңіретін, елдің ертеңін қалыптастыратын ұлы тұлға. Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсариннің: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деген сөздері бүгінгі күні өзекті. Ұлттық тәрбие мен заманауи білімді бір-бірімен ұштастырып, білімді ұрпақ тәрбиелеу – Сіздерге жүктелген абыройлы міндет!

Ардақты ұстаздар, ел мұраты мен ұрпақ тәрбиесіне адал болайық.

Өз уақытын аямаған, өзгенің бақытын аялаған ұстаздарға қандай мақтау, мадақ айтсақ та жарасады, – деп, мұғалімдер мерейін бір асырды.

Салтанатты шарада ұстаздарға «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат», «Еңбек ардагері» медалдары, «Ыбырай Алтынсарин», «Білім беру ісін құрметті қызметкері» төсбелгілері, Оқу-ағарту министрлігінің Құрмет дипломы, Құрмет грамотасы, Алғыс хаты, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы облыс әкімінің Алғыс хаты, облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасы мен шипажайларға жолдамалар табысталды.

жаңғыртылуда. 2022-2024 жылдары 2 млрд. 700 млн. теңгеге 317 пәндік кабинеттер жаңартылып, білім сапасын көтеруге мол мүмкіндіктер беруде. «Қазақстан Халқына» қоғамдық қоры өңіріміздегі білім беру саласына 2



интернаттардың материалдық-техникалық базасы 96 млн. теңгеге жаңғыртылды.

2 млрд. теңгеге аймағымыздың 50 ауылдық мектебіне «Білім-Инновация» лицейлерінің тәжірибесі енгізіліп, физика, химия, биология кабинеттері жабдықталады.

мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» академиясы, 3 млрд. теңгеден астам қаржыға Жаңақорған, Жалағаш, Шиелі аудандарында Оқушылар үйі мен Өнер мектептері салынып, зияткер жас ұрпақты қалыптастыруға қызмет етуде.

Өткен жылы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық

Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Д.АБЫЗОВ:

ҰСТАЗДАРЫМЫЗДЫ ҚАДІР ТҰТЫП, ҚОЛДАП ОТЫРУ - АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫМЫЗ

Қызылорда қаласындағы А.Токмағанбетов атындағы Мәдениет үйінде ұйымдастырылған қызылордалық мұғалімдерді ұлықтау шарасы жоғары деңгейде өтті. Салтанатты жиынға қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абызов және облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов қатысты.

Қызылордалық ұстаздарды төл мерекесімен құттықтаған қала әкімінің орынбасары елдің болашағы үшін мұғалім мамандығының қаншалықты маңызды рөл атқаратындығына, саладағы жақсы жанылықтар мен толымды тіріліктерге тоқталды.

– «Биылғы тамыз конференциясында Мемлекет Басшысы Қасым - Жомарт Кемелұлы «Мен Қазақстан ұстаздарының қажырлы еңбегін жоғары бағалаймын, Сіздер жас буынға беріп жатқан білімнің күшіне сенемін. Шын мәнінде, ұстаздық – жай мамандық емес, бұл – ұлы миссия. Адам қандай жетістікке жетіп, биікке шықса да, ұстазының алдында өмір бойы шәкірт болып қалады» – деген болатын.

Өрпине, біз де оқушы болып, ұстаздан тәлім-тәрбие алдық. Сондықтан баршамыз ұстаздарымызды қадір тұтып, қолдап отыру азаматтық борышымыз. Өздеріңіз жақсы білесіздер, Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен және облыс әкімінің үйлестіруімен



өңіріміздің білім саласында серпінді жобалар жүзеге асырылуда. Қаламыздың өзінде 5 бірдей «Келешек мектебі» пайдалануға берілді. Физика - математика бағытындағы мектеп алғашқы қарлығаштарын қабылдады. «Сыр жұлдыздары» шығармашылық - инновациялық академиясы жаңа мүмкіндіктер алаңына айналды. «Оқушылар сарайы» озаттар орталығы атанды. Мұнан бөлек спортты жанына серік етер

балаларымызға «Үстел теннисі» орталығы ашылды. Қазір «Қызылорда Арена» дене шынықтыру кешенінің құрылысы қарқынды жүруде. Осындай игі бастамалар жас ұрпақтың болашағы үшін жасалуда.

Жасалған қолдаулар мен ұстаздардың тынымсыз еңбектерінің нәтижесінде оқушыларымыз жетістіктер қоржынын толтырып, мерейімізді тасытуда. Бүгінде шәкірттеріміз түрлі байқауларға қатысып,

халықаралық, республикалық зияткерлік сайыстарда, олимпиадаларда топ жарып келеді. Кешегі ұлттық бірыңғай тестілуде Сыр өңірінің өрендері грант санымен алдыңғы қатарға шықты.

Ұстаздарымыз болса мемлекеттік марапат - «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталуда. Міне, мұның барлығы – қызылордалық мұғалімдердің жоғары жасөкімі шеберлігі, соның нәтижесіндегі зор табыстар екені сөзсіз», – деген қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абызов барша ұстаздар қауымына толағай табыс тіледі.

Мерекелік шарада ардагер-ұстаздарға Оқу ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі мен «Білім беру ісін құрметті қызметкері», «Құрмет» грамотасы, облыс әкімі және қала әкімінің, облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасы, «Алғыс» хаттары, үздік 10 педагогке 150 мың теңгенің сертификаты табысталды.

Ақ тілек-құттықтаулар ыстық ықыластың барлығы да бұл күні ұстаздар қауымының құрметіне арналды. Оқушылар ән-жырлардан, биден шашу шашып, мереке сәнін аша түсті.

Қазақтың аяулы ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын - ұстаздыкі» деген ұлағатты сөзі ешқашан құнын жоймайтыны анық.

95 ПАЙЫЗЫ ЖАҚСАРДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа жылу-электр орталығындағы және Тәуелсіздік даңғылын жаңғыртудың екінші кезеңіндегі атқарылған жұмыстармен танысты.

Қызылорда қаласында электр және жылу энергиясын өндіретін жаңа орталық құрылысы қарқынды жүргізілуде. Инвестор «Акса Energy» түрік компаниясы қолға алған жобаның жалпы құны 215 млрд.теңге, осы уақытқа дейін 178 млрд. теңгеден астам инвестиция салынды.

Негізгі 2 газ турбиналық қондырғы (General Electric, АҚШ), бу турбинасы (Doosan Skoda, Чехия), 2 бу қазандығы (AC BOILERS, Италия) мен 4 жылу қазандығы (Mitsan, Түркия) салынууда. Құрылысқа қажетті өзге де материалдар жергілікті өндірушілерден алынған.

Бюджет есебінен 15 млрд. теңгеге жаңа орталыққа дейін 45 шақырым газ құбырының, автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысы жүргізілді.

Тәуелсіздік даңғылын жаңғыртудың екінші кезеңінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Ұзындығы 2,867 шақырым, ені 14 метрлік төрт жолақты автожолмен қатар, ені 6 метрлік жаяу жүргіншілер және велосипед жолдары салынды.

Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық, облыстық, аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, 329 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтті. Осы жұмыстардың нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті.

ҚАРТТАР ҚАЛАДА ҚЫДЫРҒАН КҮН

Өткен аптадағы Халықаралық қарттар күніне орай облыс ардагерлері өндірістік және инфрақұрылымдық жобалармен, іске қосылған нысандар жұмысымен танысты.

Алдымен «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясына барды. Заманауи орталық бір мезетте 500, тәулігіне 3 мыңға дейін оқушы қабылдай алады. Мұнда бассейн, фитнес және гимнастика залдары, үстел теннисі, жекпе-жек және үстел ойындарына арналған бөлмелер бар. Сонымен қатар кескіндеме, сурет, сәндік-қолданбалы өнер, робототехника, жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді.

Жаңа коммуналдық базарды, «Қызылорда САЗ-М» кірпіш зауытын, музыкалық колледждің жаңа ғимаратын, физика-математика мектеп-интернатын және 11 мың орындық жаңа стадионды аралап шықты.

Мерекеге орай қала мен аудандардан келген ардагерлердің басын қосқан салтанатты шара ұйымдастырылды. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев ел ағалары мен ак жаулықты аналарды мерейлі мерекемен құттықтап, ізгі лебізін білдірді.

— «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Азаматтардың әл-ауқатын арттырудың басым міндеті — зейнетақы жүйесін жетілдіру. Қажырлы ардагерлердің қоғамға үлесін ынталандыру маңызды.



Келесі нысан — «Қызылорда-Нан» ЖШС-ның нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіру кешені болды. Қазіргі таңда мұнда үш өндірістік цех іске қосылған, алдағы уақытта печенье цехі жұмысын бастайды. Өнімнің 30%-ы кәсіпорынның жеке сауда желісі арқылы сатылады, қалғаны қала мен ауылдарға жеткізіледі. Жобаға 5 гектар жер беріліп, инфрақұрылым тартылды. «Қазақстан Халық банкінен» алынған 1,2 млрд. теңге жеңілдетілген несиенің пайыздық мөлшерлемесі мемлекет тарапынан субсидиялануда. Бүгінде мұнда 120 адам еңбек етсе, болашақта олардың саны 150-ге жетеді деген жоба бар.

Одан кейін ардагерлер жаңа жылу-электр орталығының құрылыс барысымен танысты. «Акса Energy» түрік компаниясымен бірлескен жоба аясында қуаттылығы 240 МВт болатын нысан салынууда. Орталыққа General Electric (АҚШ), Doosan Skoda (Чехия), AC BOILERS (Италия), Mitsan (Түркия) компанияларының қондырғылары жеткізілген. Құрылыс жұмыстарының 80%-ы аяқталып, газ тарату станциясы мен 45 шақырым газ құбыры салынды. Биыл алғашқы газ турбиналық қондырғы мен екі жылу қазандығы іске қосылса, қалғаны 2026 жылы пайдалануға беріледі.

Ардагерлер қалалық мәдениет және демалыс паркін, Президент саябағындағы қайта жаңғырту жұмыстарын да көрді.

ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Аймақ басшысының тапсырмасымен облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов қаладағы жылу беру маусымына дайындықтың барысымен танысты.



Алдағы жауапты науқанға дайындық бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес жүргізілуде. Қызылорда жылу-электр орталығында 1 генератор мен 4 күштік трансформаторды жаңғырту жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ, 10 бу қазандығы мен 20 автономды қазандық жөндеуден өтті.

Желілерді жаңғырту мақсатында Қызылорда қаласында 6 жоба іске асырылуда. Жұмыс жылу беру маусымына дейін толық аяқталып, 81 мыңнан астам қала тұрғыны жылу энергиясымен тұрақты қамтылатын болады. Бүгінде орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 909 көпқабатты тұрғын үй мен 1079 әлеуметтік нысан толық дайын.

Алдағы маусымға 139 мың тонна көмір керек, оның 117 мың тоннасы халықтың, 22 мың тоннасы әлеуметтік нысандардың қажеттілігі. Өңірлік операторлар көмір қорын жасақтау жұмыстарын бекітілген кестеге сәйкес жүргізіп келеді.

Жалпы, жылу беру маусымына дайындық облыс әкімдігінің тұрақты бақылауында.

Қазақстан футбол федерациясының президенті Марат ОМАРОВ:

“ҚАЙСАР–АРЕНА” – ЕЛІМІЗДІҢ ФУТБОЛ КАРТАСЫНАН ЛАЙЫҚТЫ ОРЫН АЛАТЫН ЗАМАНАУИ АРЕНА

Стадионның ашылу қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте футболдан Қазақстан Кубогының финалдық ойынын және 11 мың орындық жаңа стадионның ашылу салтанатын ұйымдастыру мәселелері талқыланды. Оған облыстық басқарма мен жауапты мекеме басшылары, Қазақстан футбол федерациясы кәсіби клубтар арасында жарыстар өткізу дирекциясының басшысы Бакытжан Пазылхайыр қатысты.

олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары болады. Құрылысы 2026 жылдың екінші жартыжылдығында аяқталады.

Соңғы үш жылда өңірде 20 спорт кешені ашылды. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен тағы 6 спорт кешені пайдалануға беріледі. «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен 2 млрд. 900 млн. теңгеге мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені бой көтеріп келеді. Биыл қордың қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарындағы жаңа спорт

финалы алғаш рет Сыр елінде өтіп отыр. Осы алаңда талай қызықты кездесулер мен ұмытылмас ойындар өтеді деп сенемін. Бүгінгі финал сол табысты жолдың бастауы болсын!» – деді Марат Талғатұлы.

Жалпы ауданы 20 мың шаршы метрді құрайтын жаңа спорттық кешен заманауи халықаралық талаптарға сай салынған. Мұнда футбол алаңы ғана емес, олимпиадалық стандарттарға сәйкес келетін бокс, күрес, фитнес, спорттық гимнастика және ауыр атлетика залдары орналасқан. Сонымен



Аймақ басшысы жауапты сала жетекшілеріне бірқатар тапсырма жүктеді.

— «Жаңа стадионның ашылу салтанаты кезінде электр энергиясын үздіксіз, тұрақты беру, төтенше жағдай туындаса, жедел әрекет ету үшін желілерді алдын ала тексеріп, резервтік қуат көздерін даярлау керек.

Жедел жәрдем қызметінің кезекшілігі ұйымдастырылсын. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, патрульдік қызметті күшейту, көлік қозғалысын реттеу және жедел әрекет етуге әзірлік қолға алынсын.

Жанкүйерлер арасында қоғамдық тәртіптің бұзылмауын қадағалау үшін шара өтетін маңдағы полиция қызметкерлерінің санын арттыру керек.

Қоғамдық саяси ахуалдың тұрақтылығы біз үшін өте маңызды. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті стадион аумағын толық зерделеп, оқыс оқиға мен төтенше жағдайдың алдын алыңыздар. Өрт сөндіру техникалары сақдай сай тұруы тиіс.

Сондай-ақ, финалдық ойын өтетін аумақта санитарлық-эпидемиологиялық талаптар сақталуы керек. Әсіресе, қоғамдық тамақтану орындары мен сауда нүктелерінің тазалығы қатаң бақылауға алынсын»,— деп тиісті сала басшыларына облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы тапсырма берді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа стадионның ашылуына дайындық барысы пысықталған жиналыстан кейін Қазақстан футбол федерациясының жарыстарды ұйымдастыру директоры Бақытжан Пазылхайырмен бірге Орталық стадионға барып, дайындық барысын өз көзімен көрді.

Жаңа нысан халықаралық стандарттарға, УЕФА талаптарына сай, соңғы үлгідегі заманауи құралдармен жабдықталған.

Спорт ғимаратының жалпы аумағы 20 мың шаршы метр, жасыл алаңнан бөлек бокс, күрестің үш түрінің, атап айтқанда, дзюдо, грек-рим, еркін күрес, фитнес, спорттық гимнастика, таеквондо және ауыр атлетика залдарынан тұрады. Келушілерге жыл он екі ай сапалы қызмет көрсету үшін барлық мүмкіндік бар.

Үш қабатты ғимараттың бірінші қабатында жаттығу залдары, екінші қабатында әкімшілік бөлмелер, үшінші қабатында спортшылар үшін және ауқымды жиындар өткізуге арналған орындар қарастырылған.

Халықаралық деңгейдегі ауқымды ойындарға дайын. Ашылу салтанаты қарсаңында жаңа стадионның футбол алаңы ФИФА-ның тестілеуінен өтіп, жоғары деңгейлі QUALITY PRO сертификаттына ие болды.

Сондай-ақ сол күні “Арай сити мол” сауда орталығында финалдың бас кубогы Сыр жұртшылығына таныстырылды. Облыс тұрғындарының кубокты қазанның 4-не дейін сауда орталығына барып көруіне мүмкіндік жасалды.

Облыс орталығында «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешені де салынууда. Онда олимпиадалық стандарттарға сай 50 метрлік бассейн, Әлем және Азия чемпионаттарын өткізуге арналған 2500 орындық зал,

кешендері келушілерге қызмет көрсете бастады.

Қызылордалықтар көптен күткен 4 қазанда Қызылорданың сол жағалауында 11 мың көрерменге арналған жаңа стадионның ашылуы өтті. Салтанатты шара аясында футболдан ел Кубогының финалдық матчы ұйымдастырылды.

Шараға Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, Қазақстан футбол федерациясының президенті Марат Омаров арнайы келді. Сондай-ақ, қоғам қайраткерлері мен мыңдаған футбол жанкүйері жиналды.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев

қатар, нысанда дүкендер мен дәмханалар қарастырылған.

Ғимараттың бірінші қабатында спорт залдары, футболшылардың дайындық бөлмелері және сауықтыру орталықтары орналасқан. Екінші қабатта — әкімшілік бөлмелер, ал үшінші қабатта — ауқымды жиындарға арналған мәжіліс залы бар. Мүмкіндігі шектеулі спортшылардың жаттығуына да толық жағдай жасалған.

Стадион УЕФА-ның 4-санатына сәйкестендірілген. Жасыл алаң халықаралық стандарттарға сай жасанды төсенішпен жабдықталған, заманауи жарықтандыру және дыбыс жүйелері орнатылған. Бұл өз кезегінде



жиналған жұртшылықты жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, командаларға сәттілік тіледі.

— «Бүгін - Қазақстанның спорт тарихындағы айтулы күн. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының аймақтарда спорт инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салу туралы тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында жаңа стадион бой көтерді. Жаңа стадионымыздың ашылуы футболдан Қазақстан кубогының финалдық ойынымен тұспа-тұс келді. Жанкүйерлер асыға күтетін спорт мерекесі отандық футбол тарихында алғаш рет Қызылорда қаласында өтуде. Бұл - сырбойлықтар үшін үлкен мәртебе, зор мақтанш! Баршаңызды жаңа стадионның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Қаламызда жаңа нысанның салынуына ерекше қолдау білдірген Мемлекет басшымызға, Үкіметке барша Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды білдіреміз. Финалдық ойынды өткізуге бастамашы болып, ұйымдастырған Қазақстан футбол федерациясына зор ризашылығымызды жеткіземіз. Бүгінгі ойынға жолдама алған командаларға сәттілік тілеймін! Қазақстан футболының даңқы арта берсін!» – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Қазақстан футбол федерациясының президенті Марат Омаров жаңа стадионның ашылуы ел футболы үшін маңызды екенін атап өтті.

— «Құрметті қызылордалықтар және футбол жанкүйерлері! Сіздерді жаңа стадионның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Бұл – еліміздің футбол картасынан лайықты орын алатын заманауи арена. Қазақстан Кубогының

халықаралық деңгейдегі спорттық және мәдени шараларды жоғары сапада өткізуге мүмкіндік береді.

Стадионның ашылу салтанатындағы финалдық кездесуде Шымкенттің «Ордабасы» және Қостанайдың «Тобыл» командалары бақ сынасты. Ойын өте тартысты, әрі қызықты өтті. Бірінші таймда «Тобыл» командасы қарсылас қақпасына екі дәл соққы жасап, 2:0 есебімен алға шықты. Бірінші голды Николай Сигневич, ал екінші голды Ислам Чесноков салды.

Жаңа стадион ауласында жанкүйерлерге үлкен LED экран қойылып, ойынды қолайлы жағдайда тамашалауға мүмкіндік жасалған.

Бұл финал «Ордабасы» мен «Тобыл» үшін бесінші шешуші бәсеке болды. Екі клуб та осыған дейін екі рет жеңіске жетіп, екі мәрте финалда ұтылған. Қазақстан Кубогы тарихында қос ұжым бес мәрте кездескен, оның үшеуінде қостанайлықтар, екеуінде шымкенттіктер басым түскен. Бұған дейін финалда үш рет жолығып, екі рет «Тобыл», бір рет «Ордабасы» кубок иегері атанған. Бүгін олардың төртінші финалдық кездесуі болды.

Осылайша, қостанайлық «Тобыл» командасы қарсыласынан басым түсіп, Қазақстан Кубогының жеңімпазы атанды. Жанкүйерлер командаға қошемет көрсетіп, жаңа стадиондағы алғашқы финалдық матч тарихта қалатын ерекше сәт болды.

Жеңімпаз «Тобыл» командасын облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов және Қазақстан футбол федерациясының президенті Марат Омаров марапаттап, кубок пен медальдарды табыс етті.

«AMANAT» партиясы жергілікті филиалының атқарушы хатшысы Л.Төрешова журналистерге брифинг өткізді. Брифинг барысында партияның жыл басынан бері атқарып жатқан жұмысына толық шолу жасалды десе де болады. Әдетте, ел арасында “көшбасшы партия дейміз, ел үшін қандай істер атқарды?” деген сұрақтың бары рас. Әрі, қазір саяси партиялар арасында да саяси бәсеке жоқ емес. Қайсыбір партия болмасын өңірде атқарылған жақсы істерге ортақ болып, электоратын көбейткісі келетіні де анық. Осы ретте атқарушы хатшы Л.Төлешованың брифингінде журналистерге біраз мағлұмат берілді.

Оқырмандардың ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатымен «AMANATтың» сайлауалды бағдарламасын орындау барысын баяндаған партияның атқарушы хатшысы Л.Төлешова хабарламасын толық жариялағанды жөн көрдік.

«AMANAT» ЕЛ АМАНАТЫНА АДАЛ ...

«AMANAT» партиясы Мемлекет басшысының қоғамдық тірегі ретінде оның барлық бастамалары мен саяси реформаларына толық қолдау жұмыстарын жүргізіп келеді. Атап айтар болсақ, 8 қыркүйектегі халыққа Жолдауын насихаттау бойынша қыркүйек пен қараша айының соңына дейін **140 іс-шараны** қамтитын облыстық медиа жоспар әзірленді. Бүгінгі күнге жоспарға сәйкес **79 іс - шара** ұйымдастырылды. Партия филиалдарының төрағалары мен атқарушы хатшылары, мәслихаттардағы фракция жетекшілері мен мүшелерінен тұратын жалпы саны **45 азаматты** құрайтын спикерлер пулы жасақталды. Партия белсенділері, жақтастары мен спикерлер әлеуметтік желілерде Жолдау маңыздылығын, онан туындайтын міндеттер төңірегінде **1000-нан** астам пост жариялады. Спикерлер және партия белсенділерімен жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында пікірлер мен сұхбаттар жариялануда. Жолдаудан туындайтын міндеттер партияның барлық алаңдарында, бастауыш партия ұйымдарында жан-жақты талқыланып жатыр. Бұл бағыттағы жұмыстар жоспарға сәйкес жалғаса беретін болады.

Биыл **55 ауылда** әкімдер сайлауы жоспарланған. Бүгінге дейін 52 ауылда әкімдер сайлауы өтіп, оларда «AMANAT» партиясынан ұсынылған 52 үміткер жеңіске жетті. Сонымен бірге кеше ғана яғни қыркүйектің 28-і күні Қазалы ауданы әкімі лауазымына сайлау өтіп, партия атынан ұсынылған кандидат, партияның облыстық филиалының экс төрағасы Есмаханов Алмасбек Әбілқасымұлы сайлаушылардың **65,2 пайыз** дауысымен Қазалы ауданы әкімі болып сайланды.

26 наурызда Сырдария аудандық мәслихатына шығып қалған депутаттың орнына бір мандаттық сайлау округі бойынша сайлау өтіп, біздің партияның мүшесі Болатбек Ұланбекұлы депутат болып сайланды.

Бұл партияның нағыз көшбасшы ұйымға айналғанын көрсетеді.

Жалпы партияның алдында тұрған ең бірінші кезектегі міндет ол - партияның халыққа берген Сайлауалды уәделерінің орындалуы.

«AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға жоспарланған «Халықпен бірге!» - деп аталатын Сайлауалды бағдарламасы бар. Барлық өңірлерде бағдарламаны нақты жүзеге асырудың арнайы Жол картасы әзірленді. Аймақ басшысының қолдауымен Жол картасының іске асырылу барысына мониторинг жасайтын және бақылайтын, облыс әкімінің бірінші орынбасары жетекшілік ететін бірлескен штаб құрылды. Штаб барлық іс-шараларды ұйымдастыруға, олардың тиімділігін, әртестіру мен нәтижелілігін арттыруға ықпал етіп отыр. Осы жұмыстың нәтижесінде ағымдағы жылы сайлауалды бағдаламаны іске асыруға бағытталған Жол картадағы 110 тармақтың 32% орындалды. 68% пайызы орындалу сатысында.

Атап айтқанда, Қармақшы ауданының ІІІ-Интернационал және Дүр Оңғар ауылдарында спорт кешенінің құрылыстары аяқталып, нысандар пайдалануға берілді.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 3300 орындық 5 мектеп пайдалануға берілді. Атап айтқанда *Жаңақорған кентіндегі Саяжай мөлтек ауданында 600 орындық мектеп, Қазалы ауданы, Жаңқожа батыр ауылы 300 орын, Сексеуіл кентінде 300 орындық мектеп, Қызылорда қаласы Арай мөлтек ауданында 1500 орындық мектеп, Қызылжарма мөлтек ауданында 600 орындық мектеп білім беруде.*

Сондай-ақ, «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Арал ауданы Тоқабай елді мекенінде 100 орындық мектеп, Жалағаш ауданы Аққыр ауылында және Шиелі ауданы Ақтоған ауылдық округі, Досбол би ауылында жаңа спорт кешендері табысталды.

Қазалы ауданындағы Ақтан батыр, Сырдария ауданындағы Н.Ильясов ауылы газбен қамтамасыз етіліп, 3,7 мың адам көгілдір отын игілігін көре бастады.

Бұл жұмыстар биыл да жоспарға сәйкес жүргізілетін болады.

9 айдың қорытындысы бойынша аймақтық және аумақтық филиалдар бойынша Партиялық бақылау комиссияларының 73 отырысы ұйымдастырылды. Оның 9 отырысы аймақтық деңгейде, 64-і аумақтық филиалдардың ұйымдастыруымен өтті.

Комиссия отырыстары мен рейдтік жұмыстары барысында 466 ұсыныс әзірленіп, оның 329-ы орындалды. Қалған ұсыныстар бойынша жұмыс жасалып жатыр.

Атап өту керек, есепті кезеңде облыста партиялық жауапкершілікке тартылғандар жоқ.

Партиялық бақылау комиссияларымен сайлауалды бағдарламаны өңірде іске асыру басталған кезеңнен бастап 84 нысанға партиялық бақылау бекеттері орнатылса, бүгінгі күнге 77 нысан пайдалануға берілді. 7 нысан құрылысы пайдалануға берілгенше партиялық бақылауда болады.

Бақылау комиссияларынан бөлек барлық деңгейдегі мәслихаттардағы фракциялардың жұмысы жаңа жолға қойылып, олардың өзара байланысы нығайып, тұрғындардың проблемалары үйлесімді жұмыстар арқылы шешілуде.

Есепті кезеңде мәслихаттардағы фракциялардың 45 отырысы өткізіліп, фракция мүшелерімен тиісті органдарға 630 депутаттық сауал жолданды.

Барлық облыс, қала, аудан әкімдері, әкім орынбасарлары фракцияларда есеп беріп, қабылдаулар өткізді.

Сайлауалды уәделердің уақытылы іске асырылуына үлкен үлес қосып келе жатқан органның бірі - партия филиалдары жанынан құрылған түрлі бағыттағы Кеңестер.

Жыл басынан Кеңестердің 45 отырысы өтіп, оларда 135 мәселе

қаралып, 197 ұсыныстар көтерілді.

Жалпы барлық Кеңестердің жұмысы партияның сайлауалды уәделерінің орындалуына жүйелі бақылау мен бюджет қаражатының тиімді және ашық жұмсалыуына мониторинг жасауды қамтамасыз етуде. Сонымен бірге кеңестер түрлі мәселелер бойынша нақты практикалық шешімдерді әзірлейтін диалог алаңдарына айналды.

Қоғамдық қабылдау бөлмелері жұмысы бойынша айтар болсақ, партияның барлық филиалдарында қабылдау бөлмелері жұмыс жасайды.

Қабылдаулар барысында азаматтар көтерген мәселелер бойынша арнайы Ашық есік күндері мен «Құқықтық көмек», партия жобалары аясында тақырыптық қабылдаулар өткізіліп, тұрғындарға тиісті кеңестер мен көмектер көрсетіліп жатыр.

Мәселен, есепті мерзімде қоғамдық қабылдау бөлмелеріне 6092 арыз-өтініш түскен болса, оның 62,8 пайызы оң шешімін тапты. 2170 өтініш бойынша заңнамалық түсіндірмелер мен құқықтық кеңестер берілді. 92 өтініш бойынша жұмыс жасалуда.

Республикалық деңгейде салыстырмалы түрде қарайтын болсақ тіркелген өтініштер саны бойынша *Шымкент қаласы, Түркістан, Павлодар, Жамбыл және Алматы облыстарынан кейін* біздің өңір *Түркістан облысы, Шымкент қаласы және Ақмола облысынан кейін* 4-ші, ал оң шешімдер үлесі бойынша **20 аумақтық** филиалдың ішінде **6-шы** орында келеді.

Бұл көрсеткіштер азаматтардың партияға деген сенімі деп білеміз.

«Құқықтық көмек» жобасымен өткен 32 тақырыптық қабылдауда 178 тұрғын қамтылды. 17 адамға көмек көрсетіліп, 11-не толық құқықтық сүйемелдеу жүргізілді. Атап өтейік, биыл жоба аясында қабылдаулар тек облыс орталығы мен қала мәртебесі бар елді мекендерде өткізілуде.

Сонымен бірге сайлауалды үгіт жұмыстары кезінде тұрғындардан жинақталған 1132 аманаттың 1104-і, яғни 97,5%-ы орындалды. 28-і орындалу сатысында.

Мобильді қабылдау жұмыстары да шалғай елді мекендер тұрғындарының өзекті мәселелерін оңтайлы шешуде. Жыл басынан 94 елді мекенде мобильді қабылдау ұйымдастырылып, оларда 876 мәселе қаралды. 499 мәселе оң шешіліп, яғни 56,9%-ы, 364 өтініш бойынша қолданыстағы заңнамалар аясында нақты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қазіргі уақытта қалған 13 мәселе бойынша жұмыс жасалып жатыр.

Қоғамдық қабылдау жұмыстары ірі бастауыш партия ұйымдарында да өткізілуде. Ең бастысы, қабылдауларға түскен бірде-бір өтініш қарасуыз қалмай жұмыс істелуде.

Партияның ақпараттық - идеологиялық жұмыстары қарқынды ұйымдастыру бойынша партиялық жобалар аясында жұмыстар атқарылуда.

Өңірімізде әрбір саланы қамтитын партияның 11 жобасы бар. Жобалар



аясында есепті мерзімде 35 485 азаматтың қатысуымен 1013 шара өткізілді.

Мәселен, «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында 322 іс-шара ұйымдастырылып, жалғызбасты ардагерлерге түрлі бағыттағы көмектер көрсетілді.

«Кедергісіз келешек» жобасы аясында 208 шара өткізілді. Соның ішінде 21 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп, 14 тұрақты, 69 мүмкіндігі шектеулі азаматтың уақытша жұмысқа тұруына қолдау жасалды. 90 тақырыптық қабылдау өтті.

«Бақытты отбасы» жобасы аясында әлеуметтік аз қамтылған 124 отбасыға демеушілер есебінен қайырымдылық көмектер көрсетілді. Осы жоба аясында партияның бастамасымен жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Баланы мектепке дайындайық!» акциясы өтіп, 1914 бала мектепке қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді.

«Ұлттық мұра» жобасы аясында 83 ақындар айтысы мен терме, жыраулар сайысы өткізілді. 29 тамыз күні жоба шеңберінде Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай жас ақындар мен жазушылар арасындағы аймақтық «Ұлы дала» шығармашылық байқауы өткізіліп, жеңімпаздары марапатталды. «Кітап - AMANAT» мәдени ағартушылық орталығында ІІІ тоқсанда 24 шара өткізіліп, 2 мыңға жуық оқырман қамтылды.

Партияның бастамасымен жүзеге асқан «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында өткен жылы 11 мың азаматты оқыту жоспарланып, өңірде 11210 азамат тегін қаржылық сауаттылығын арттыру курсынан өтті. Биыл жоба жалғасын тауып, ақпан айында 90 күннен астам берешегі бар азаматтар оқытылып жатыр. Қазіргі таңда 2745 азамат оқудан өтсе, 9390 азаматқа кеңес берілді.

«Жер аманаты» жобасы бойынша былға жоспарланған 60,0 мың гектардың бүгінге 51 мың гектары қайтарылды. Қайтарылған жерлер мақсатты пайдалану үшін азаматтарға қайта табысталып жатыр. *(Жылдық жоспар 85%-ға орындалып отыр.)*

Қоғамдағы әйелдердің мәртебесін көтеріп, олардың белсенділігін арттыру мақсатында «AMANAT» партиясының барлық өңірлердегі филиалдары жанынан Әйелдер қанаты құрылған болатын. Облыстық «Әйелдер қанаты» өз жұмысын «Анаға тағзым» орталығында негізгі 10 бағыт бойынша жүргізіп келе жатыр. Есепті мерзімде 1000-нан аса әйел азаматтардың қатысуымен әйелдер қанаты 35 шара ұйымдастырды. Жалпы әйелдер қанаты отбасылық және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға жәрдемдесіп, отбасы құндылықтарын дәрiптeуге, кәсiпкер әйелдерге қолдау көрсетiп, нәзiк жандылардың ғылыммен айналысуына жағдай жасауға өз ықпалын тигiзуде. Қазiр әйелдер қанатын барлық аудандарда құруға жұмыс жасалып жатыр.

Партия филиалы жанындағы

«Жастар рухы» Жастар қанаты жұмысына келсек, аймақта 26 бастауыш бөлімшелер жұмыс жасап келеді.

Бүгінгі күні өңіріміздегі белсенді жастардың бірлескен жұмысының нәтижесінде әртүрлі бағыттағы облыстық және республикалық маңызды жобалар сәтті жүзеге асырылып келеді. Партиялық жобалар мен жастарға бағытталған іс-шаралар түрлі «Birtolqynda», «РухтастарCases» диалогтық алаңдарытұрақты ұйымдастырылып, БАҚ-да ақпараттандырылуда.

Жастар рухы өткен жылы өңірлік«Ерікті көмек» жаңа жобасын бастаған болатын.Жоба аясында109қызу желісіске қосылып, шұғыл көмек қажет 300-ден астам әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсетілді.Жобаның ауқымы кеңейіп, барлық аудан мен қала 109-қызу желісіне қосылды. Жыл басынан бері 250-ден астам қоңырау келіп түсіп, оның ішінде, қызу желі жобасына сәйкес келетін 175 жағдайы төмен, жалғыз басты қарттарға азық-түлік пен үй ауласына қол көмек жұмыстары жүргізілді.

Өңірде Жаңақорған, Шиелі аудандарында, Қызылорда қаласында қоғамда жаңа экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғат пен тарихи мұраға құрметпен қарау және азаматтардың қоршаған орта алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған «AMANAT» партиясының «TazaQazaqstan» road-эстафетасы өтті.

Жалпы іс-шара 1 аптаға жоспарланған. Алта басында партияның Атқарушы хатышысы Дәулет Кәрібек, Парламент Мәжілісінің депутаттары, «Жастар Рухы» жастар қанатының мыңдаған белсендісінің қатысуымен Алматы облысынан басталып, Шымкент және Жамбыл, бүгін Түркістан облысына келіп, біздің өңірде аяқтады. Осы облыстар арқылы мың шақырымнан астам жолдың бойында тазалық жұмыстары жүргізілді.

Енді ішкі партиялық жұмыстарға келсек, есепті кезеңде партия қатарынан жаңадан 789 адам қабылданып, партия қатарынан 136 адам шығарылды.

Жақында партияның Саяси менеджмент академиясының бастамасымен бастауыш партия ұйымдары төрағаларына арналған екі күндік оқу семинары өтті. Оған 70 бастауыш ұйым төрағалары қатысып, қоғамдық-саяси процестердегі бастауыш партия ұйымдарының рөлі, Саяси көшбасшылық пен коммуникациялық дағдылар бойынша арнайы бағдарламалар өтті.

Жалпы бұл атқарылған жұмыстар өңірдегі партияның 1аймақтық, 9 аумақтық филиалдары жанында 207 бастауыш ұйымына топтасқан 47 мыңнан астам партия мүшесі мен мәслихаттардағы 152 мандаттың 124-ін иеленіп отырған фракция депутаттары және мыңдаған партия жақтастарының тікелей қатысуымен жүргізілген жұмыстардың жемісі.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІС 2,74 ТРЛН. ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ

2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша отандастармызға соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кіріс **2,74 трлн. теңгеге** жетті. БЖЗК-ның МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен зейнетақы активтерінің кірістілігі 12,60% құрады, инфляция мөлшері – 12,20%. ЖМЗЖ-ның соңғы 12 айдағы кірістілігі 01.09.2025ж. – 7,64%.

Қазақстандықтардың ағымдағы жылдың 8 айындағы таза инвестициялық кірісі – 1 270,99 млрд теңге. Оның ішінде 1 265,72 млрд. теңгесі салымшылар мен алушылардың жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) есептелген міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен

зейнетақы жинақтарын инвестициялаудан түскен табысқа тиесілі. Қазақстандықтардың шартты зейнетақы шоттарына (ШЗШ) есептелген жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтарын инвестициялаудан түскен таза инвестициялық кіріс 5,26 млрд. теңгені құрады.

Зейнетақы активтерінің қысқа мерзімді жеке кезеңдердегі кірістілігі оларды басқару тиімділігінің көрсеткіші бола алмайды. Өйткені қаржы құралдары мен басқа операциялар бойынша сыйақы түріндегі қысқа мерзімде есептелген кірістер осы кезеңдегі бағалы қағаздар мен валюта бағамдарының өзгеруін әрдайым жаба бермейді.

Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін объективті талдауды кем дегенде бір жылдық көрсеткіші бойынша жасаған жөн.


Ұзақ мерзімді кезеңде жинақталған инвестициялық кірістілік инфляциядан асып түседі. 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2025 жылғы 1 қыркүйекке өспелі қорытындымен жинақталған кірістілік **979,95%** -ды көрсетті. Бүкіл кезеңдегі инфляция – **827,78%**.

Естеріңізге сала кетейік, инвестициялық табыс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар), сыртқы басқарудағы активтер бойынша сыйақы есебінен, сондай-ақ қаржы құралдарын нарықтық және валюталық

қайта бағалау есебінен қалыптастырылады. Зейнетақы жинақтарының сақталуын және тұрақты табыстылықты қамтамасыз ету үшін КРҰБ және инвестициялық портфельді жеке басқарушылар (ИПБ) инвестициялық портфельді тұрақты түрде әртараптандырып отырады–активтерді нарықтық жағдайларға байланысты құрылымы үнемі түзетіліп отыратын әртүрлі қаржы құралдары мен валюталарға орналастырады.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алу жүйесі толықтай ашық: әрбір салымшының epnf.kz сайтындағы немесе мобильді қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

Кітапхана



лын тартып мініп, азаматтардың көшіне қосылып жатқан шағымыз. Сонда апам:

– Қобдиына маза бермеуші едің. Бәрі саған қалды,-деді.
...Мектеп бітірген соң да оқуымды жалғастырып, адам болу бала кезден, сонау "Диірментөбеде" жүргендегі арманым еді.

Ауылда әрі тартып, бері созуға жететін білім қайдан болсын, төрт жылдан кейін шұнаң етіп бастауыш мектеп те бітіп қалды. Енді ел қатарлы Жосалыдағы интернатта жатып білім алуға тиіспін. Қалаға аттануға оқталып жүрмін. Туыстың бәрі Жосалының төңірегінде, Қызылордаға қарай өлтең-селтең шығып, қызметке араласқан бірі жоқ. Болса, "Диірментөбеге" аты дүбірлеп алыстан естілетін қаланы бір көріп қайтқым келеді. "Қалада машина көп, автобус бар, адам-дар телефон арқылы хабарла-сады, қазақтар біріне бірі орыс-ша сөйлейді" деген әңгімені Қызылордаға барып қайтқан қатарларымнан естимін. Барарын барамын-ау, кімнің үйіне қонамын.

– Апа, осы менің нағашыларым қайда? - деймін әрі-сәрі ойланым.

– Тұқымы көбейсін, оңған нағашың жоқ, - дейді апам. – Қайтесің іздеп!""?

Шындығында, менің нағашы жұртым Киікші Кете руынан. Бірақ апамның бірге туған бауыр түгілі, Сыр өңірінде немере-шөбере туы-

сы да қалмаған. Дариядан бастау алып, құм мен қыраттың талайынан өткен соң, дарияға қайта құятын ескі арналар секілді, туыстан ең жақын дегені жеті-сегіз аталықтан әрі қосылады. Бәлкім, шешем төркінісз өткен тағдырына іштей нала да болар, әйтеуір, нағашым жайлы әңгіме қозғалса, бірден тыып тастайды.

Анамның туысы да, бірге туған бауыры да – тілеуін тілеген бес баласы. Нағашыдан тұқым-жұрағат қалмаған. Қазақ табиғатында жалғыз бала өсірмейді, ата-анасы да қара-құрғасыз қалмайды. Сонда менің анам жер бетіндегі жалғыз жан болғаны ма? Қазақтың "сұрай-сұрай Меккеге де бара-рады" деген сөзі рас-ау, кейінірек бір шындықтың ізін шыжымдап шығарған едім.

Менің нағашыларым кезінде қазіргі Жалағаш ауданының "Мәдениет" деген ауылының ескі ор-нында өмір сүрген екен. Анам 1915 жылы дүниеге келген. Кіндіктен жалғыз. Нағашы атамның аты Ойнар екен. Өзіне тетелес Жайнар деген інісі екеуі бір табаннан ұзамай өмір бақи қоңсы отырған. Ағайынның ақылы ма, әлде Ойнар атамның өзі ой-лап тапты ма, көзім кеткенде шаңырағымды ұстап, түтінімді түтететін бір ұлым болса деген ниет шығар, босқыншылық елдің бір қызын, қалыңына жарты қап тарты беріп, тоқалдыққа алып қалады.

Елді ашаршылық жайлап, байлардың көбісі төркілеуге ілініп, ауыл арасы алағай да бұлағай болып жатқан бұлғақ заман. Сырдың Қызыл беттегі ауқатты байларының малын сатып, одан жұдырықтай алтын құйып шүберекке түйіп, беті ауған жаққа бой тасалап қаша бастаған шағы. Менің атам да, сол байлардың басы болма-са да, аяғына ілініп, жазалы болатынын сезеді. Әлдеқашан жаманат хабар естіп, суыт келген атам Жақы әжеме:

– Сен ошаққа қарап, орныңды суытпай отыра бер. Маған Кеңес өкіметі тыныштық берер емес, тізімдеп бәрімізді ит жеккенге айдатқалы жатыр. Құдайдан тура келген ажал болса, қайда жүрсем де өлемін ғой, адамның қолынан қор бо-лып Сібірде көмусіз қалың келмейді. Мен Өзбек арқылы Ауған еліне қарай қашамын. Орнығып, тіршілігім түзеле бастаса, өздеріңді қайта келіп алып кетемін, - дейді.

Әжем отбасын бағып қала береді. Жаңа алған жас тоқалын түйеге мінгізіп, бұйдасын ұстаған Ой-нар атам інісі Жайнар екеуі кете барыпты. Сол кеткеннен он жыл өтеді, атамнан хабар жоқ. Өлі-тірісін ешкім білмейді. Жырыма жыл өтеді, Жақы әжемнің енді шалынан үміті үзіледі.

– Жас қатыны жанында, малы алдында, өз қызығы өзіңде, құдай алдында берген уәдесін ұмытып әкең жат жерде жүрген шығар, - деп әжем оқтын-оқтын менің шешеме алая қарайды екен. Мен қайдан білейін, - дейді апам.

Әжемнің Ойнар атамның үстінен айтқан әлгіндей ғайбат әңгімесін апам шын көріп қалады. Бала кезімде нағашыларым туралы әңгіме сұрағанда: "нағашыларыңның тұқымы құрысым, ішінде оңғаны жоқ" деп бетімді қайтарып тастай-тыны сондықтан. Анамның дүниеде басы қылтиған жақсылықтың бәрінен үміті болуы мүмкін, бірақ Ауғанға кеткен өкісінен қорық. Тірі жетім бо-лып өсті, кішкене қалың маңыраған лақтай зар жылатып далаға тастап кеткені, өтірік уәде беріп, қайта оралып көшіріп алмағаны үшін өкісіне деген үлкен өкпесі бар, сірә.

1992 жылы Қызылорда педагогикалық институтының ректоры кезімде іссапармен Түркияға, сол елдің бас қаласы Стамбулға бар-дым. Қасымда жұбайым Зейнегүл бар.

– Өзім үшін бара жатырмын, менімен бірге жүр. Кім біліпті, сол жақтан Ойнар, Жайнар атамыздың бала-шағасын тауып алармыз. Сол кезде керек боларсың, - деп ойын-шынымды араластырып, жер көрсін, ел көрсін деп ілестіріп шыққан едім.

Қазақ күлгеш халық қой, бір қызығы, өз-өзіне күлгенді жақсы көреді.

Өзбек, орыс, еврей жөне қазақ Марсқа барып-ты.

– Сен неге келдің!? - дейді өзбекке.
– Дүкен ашып, базар салатын жер таңдауға келдім.

– Сен ше? - дейді орысқа.
– Егін егемін. Кең жер керек.
Сөйтсе, еврей алтын-күміс, асыл тастар іздеп, Марсты кезіп жүр екен.
– Ау, қазақ саған жол болсын? - демей ме?
– Әй, бірлі-жарым ағайын-туыс болса, көріп қайтайын деп едім...

Ағайынмен дидарласу қазақтың қанындағы туа біткен қасиет. Біз де Стамбулдағы Қарабазар Кете Ералы, Зейнал деген бауырларымыздың үйінде қонақта болып, күнде көріп жүрген көп ағайынның бірі есебінде жайласып жатыр-мыз. Үкіметтің ресмилік жұмыстары біткеннен кейін Зейтінбұрныдағы шағын ауданда қандастарымыздың талайымен дидарласып, өзімше бір әсер алу, танысып-білісу мақсатым болған еді. Жайланып болғасын, Зейналға өтініш айттым.

– Біраз қазақты көрдім. Осы жердегі ауылдың үлкені кім? Алдына барып сәлем берейін!

– Ой, Бакберген айналайын, біздің үлкеніміз Әкімжан деген киікші кете, жыңды шал, - Зекең күлді.

Бірақ мұндай уәжді қанағат тұтып қоя салу қисынсыз, сол "жыңды" шалға көңілім соға берді. Киікші аталығынан болса, нағашыларым Ойнар мен Жайнар туралы естігені бар шығар деген үміттемін.

Зекеңнің есігі алдында жат жердегі қала қазақтарының тіршілігін тамашалап қарап тұрғанбыз. Сөйткенше болған жоқ, жел айдап келгені, құйын үйіріп әкелгені белгісіз, көшенің ба-сында бұтында ақ дамбал, үстінде ақ көйлегі бар, құстың қауырсынындай бір шал пайда бола кетті. Қалтылдап тез-тез жүріп келеді.

– Кеше мен "жыңды шал" деп айтқан киікші кетенің осындағы үлкені, әне, келе жатыр, - деді Зейнал.

– Сәлем берейін, алмаса, алдынан қалсын,- деп үлкен кісіге құрмет үшін киіміді қайта түзеп, Зейнегүлді ертіп, ағамыз үшеуіміз қарияның алды-нан шықтық.

– Ассалаумағалейкум...

– Уа, кім боласың? - деді шал қабағын жерден көтеріп.

– Қазақстаннан келген қазақыпн. Атым Бакберген. Мына қасымдағы келініңіз.

– Қысқасы киікші кетенің жиені, - деп Зейнал менің сөзімді нақтылай түсті.

– Нағашыңның аты кім еді?

– Ойнар мен Жайнар деген кісілер.

– Ой, Ойнардың жиені болмай, әдірам қал, – осыны айтты да, сексен бес жастағы қария жалт бұрылып, көз алдымызда ғайып болды.

Елде де халық арасында жүріп, артық-кем әңгіменің талайын естіп қаламыз ғой. Бетіңе басқан кінәрәттің орынды-орынсызы болып жа-тады, біз оны мойына алғанбыз. Өсіресе, үлкен кісінің артық әңгімесіне құлақ қақпаймыз. Бірақ Стамбулға келіп бір Киікшіден нағашымның жөн-жосығын сұраймын деп "әдірам қалсын" деген әңгімесін естігемін, бәрінен бұрын қасымдағы әйелімнің алдында ынғайсыз жағдайға қалдырды. Әз күндік шет ел сапарында алдынан шыққан алғау сөзді жүрегіне ауыр алып қалуы мүмкін ғой.

– Мына киікшімен дұрыстап сөйлесу керек екен, - дедім өлденеге бекініп.

– Ой, қайтесің, тағы барсаң, тағы бір әңгіме естисің. Оған қонақ та, қолбала да бірдей, ойы-на келгенін айта салады, - деп Зейналдың да беті қайтып қалған.

– Жоқ, бұл шалдың әңгімесінің арғы жағында маған деген міндет бар. Демек, менің нағашым ту-ралы біледі. Сосын, қария қабақ шытты екен деп, арнайы сәлем бермей, елге қайтқаным өзіме де ауыр. Одан да тағы бір алдынан өтейін.

Бұл сөзімді Зейнегүл де шет көрмеді. Шалға арнап шапан-шаптытымызды дайындадық. Анамызға орамал-жаулық алдық. Үйін білген соң, рұқсат та сұрамастан, босағасынан аттадық. Шалдың тұрмысы түзу, күй-жайы бар екені ауызғы үйден көрініп тұр. Кең бөлмеге үш қабат көрпені қабаттап жайып, таспиық айналдырып отыр. Сәлемдестік.

– Қария, маған кешепі "Ойнардың жиені болмай, әдірам қал" деген әңгімені біткізіп қалды кетті. Стамбулға келіп оң-солымызды танымай жатып, осындай әңгіме естіп қалдық. Соның бір себебі бар шығар деп – бір, сосын елден әкелген базарлығымызды беріп кетейік деп - екі, алдыңызға келіп отырмыз, - дедім.

– Өлгі сөзім ойыңда қалса, жаман бала болмадың, - деді шал ақ дамбалдың балағын түре, малдасын құра отырып. - Жаман болмадың. Себебін білгің келген шығар. Қарағым, сенің Қазақстаннан келгеніңе біраз күннің жүзі болды. Біз жол баққан, әрі базардан қайтқан адамбыз. Қазақстаннан құмырсақ жыбырлап жетсе, көзімізді тігіп отырамыз. Үлкен деген атымыз бар, сәлемінді бірінші маған неге келіп бермедің?

– Ата, сөзіңіздің жөні бар. Түркияға келуін келгенмен, жүріп-тұруын түсіне қойған жоқыыз. Бойымыз үйренбей жатыр. Елден кеткеніңізге біраз жылдың жүзі болды ғой, ұмытып та қалған шығарсыз.

Атамыз да: "Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді" деген мақал бар еді. Бір жолғы сәлемді өзіңіз-ақ бергенде, қайтер еді?!

– Не дейді? - деп құлағын тігіп отырды да, шал санын бір ұрды, – О-о, өтеңе нәлет, ұсталдым. Ме-нен бір білместік кеткен екен.

Сол күні шалмен сұхбат сыр айтысып, қонақ болып, әңгіме сөздің желісін, үй тұрмысын бейнетаспаға жазып, біраз айналдық. Шал дастарқан басында отырғанда:

– Қарағым, сен кеше Ойнарды сұрадың-ау?! - деді. - Сол Ойкенді мына қолыммен жерледім.

– Ата, сол жағын түсіндіріңіз. Менің анам мен әжем Ойнар атам жас қатын алғасын бізді ұмытты, өз қызығынан ауыспады деп әлі күнге өкпелейді. Менің шындыққа көз жеткізігім келеді.

9.10.2025 жыл

Шал әңгімесін бастады.

Қармақшы өңірінен Қызылқұмның үстін ба-сып отыз шаңырақ Өзбекстанға қарай көтеріле көшеді. Тамақ тапшы, көлік кем, қыр астынан Қызылдың андушы әскері шыға келетін қиын за-ман. Күндіз құмның ішін көлеңкелеп, түнімен жүрген керуен өзбек жеріне өтіп, Сухандария бойына келіпті. Бұл 1930 жылдың ми қайнаған шілдесі. Қазаққа қарағанда өзбек арасы тыныш-тау, қышшақтарда елдегідей бүліншілік жоқ. Тірлігі түзеле қоймағасын, Кеңес үкіметі де қияндағы елге саясатын толық жүргізіп үлгірмеген. Ұрей айналдырған қазақтар осы арада дем алып, есін жинап, барлап, бақылап болғасын, Ауған еліне қарай көтеріле көшіп кетпекші. Ауғанстанға Кеңес өкіметінің құрығы жетпейді, ол КСРО-дан бөлек мемлекет. Амандығынды ойласаң, сол жаққа қарай көш деген арада әңгімелер бар. "Жүрер аттың тоғы жақсы", алда алыс жол жатыр. Са-пар әрі қатерлі. Тау мен тас, өзен мен көл арқылы өтетін болғасын босқын қазақтар Сухандарияның бойында аптаға жуық ерулейді. Бірақ арада екі-үш күн өтпей жатып адамдар белгісіз дерттен бірінен соң бірі еле бастайды.

– Алғашқылардың қатарында Ойнардың жас алған әйелі де дүние салды,- дейді шал әңгімесін одан әрі сабақтап. – Босқындап барған 150 жан едік, шыбындай қырылып, соңында төрт адам ғана қалдық.

– Ал, Ойнар атама не жағдай болды?

– ... Аурудан әсіреп, сілеміз қатқан. Табаны-мыз тігген жерде керегелерді жайып, аз күн пана боларлық күрке, қос құрып алғанбыз. Індетке ұшыраған адамдар есіктес отырып, біріне-бірі кіруге шамасы келмеді. Бір көзімді ашқанда, аман екенмін. Ойнарды іздедім. Қосына келсем, ағайынды екі жігіт жан тапсырыпты. Қалтырап-дірілдеп жүріп екеуінің моласын қолыммен қазып,

Сухандарияның бойына жерледім. "Өз қолыммен көмдім" дейтінім сондықтан. Ойнармен азды-кем тұз-дәмдес болып қалып едік.

Марқұм атаң жақсы кісі болатын, ақыры осы-лай аяқталды.

...Ол әңгімесін айтып отыр, мен тыңдап отыр-мын. Шал "жыңды" шал емес, мінезді адам, ойын сан-саққа жүгіртіп, өрнеңенің себебін іздеп, дәлел-деп отырады. Сөзінің шындыққа келетін қисыны да бар. Аз күнде індет жайлау себебін көрші қышшақтан келіп-кетіп жүрген өзбектерден көреді.

— Кімнен келсе де, біз ішкен Сухандарияның суына біреу у тастады, - дейді қария. - Кеңес өкіметінен көрер ек, әскері, орыс басшыла-ры ол жаққа әлі еркін кіре қоймаған. Біздің мал-мүлкіміз өзбектердің өзегіне құрт болып түсті-ау деймін. Ақыры құртып тыңды. Тұралаған төрт адам тамақтан басқаның бәрін тастап, бетіміз ауған жаққа қаңғырып кеттік. Ауған бардық, пуштундардың қойын бағып, жуындысын ішіп, Иранға өттік. Ираннан иманы бар түрік саудагерін тауып, осылай қарай астық. Мұндағы қазақтармен басымыз қосылып, шаңырағымызды көтеріп: "Енді бізге туған жер қайда?" деп жүргенде, ақ жарылғап күн туды ғой, қарағым. Елден сен келіп отырсың, ба-лалар Сыр бойына барып-қайтып жатыр. Қазақта "Атан кетсе, тайлақ бар, шомы жерде қалған жоқ" деген мақал бар. Аманат айтып, арқасына шом салатын бала бар. Ал, өмірдегі көрген бейнетіміз - Алланың жазып-сызған тағдыры. Егер жұма күні жұтбадан бұрын төрт намаздың алдыңғы сүңдетін оқу парыз болса, біз парызымызды пенде ретінде әлдеқашан өтедік. Мен де, сенің атаң Ойнар да... Солай деп анаңа түсіндірерсін.

Елге келдім. Шалдың әңгімесін бейнетаспаға жазып алғанмын, бәрін анама көрсеттім.

— Е-е, біз әкеміздің көрген азап-қасіретін білмеген екенбіз.

Анам көзіне жас алды.
— Бәсе, жас қатын алып, соның буымен бала-сын далаға тастап кететін жан емес еді ғой...

— Апа, аманшылық болса, Түркияге де, Сухандарияға да апарамын. Өкеңнің көзін көргендермен әңгімелессіз.

Бұл менің анамды жұбатқаным. Тіпті, әкесі ту-ралы хабарды естімей, перзенттік жүрегі суыған күйінде өмірден өткені дұрыс па еді, білмеймін. Тағдыр ол кісіге Түркияге баруды жазбаған екен, екі жылдан кейін дүние салды...

... Сол аузына анам мен Жосалыға барып, ин-тернатта оқиды дегеннен киіміді әзірлеп, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүр. Намысына тиер деп адамға тұралап ақыл айтпайтын, ауылдағы біреуді мысал ете отырып, оны да құстаналамай: "Сол кісінің былай еткені дұрыс еді-ау" деп, көңілге қона қалатын ақылын білдірмей жеткізетін табиғаты ерекше жан еді. Балаларына талапты қаталдау қояды. Бес бала мен көкемнің арасындағы алтын көріп секілді. Істің ығытына қарай, бағытымыздың дұрыс-бұрысын бізге де, әкемізге де жәй меуерінен түсіндіреді. Егер анамның осын-дай асыл қасиеттері балаларының, немере-шөберелерінің бойына сіңсе, біздің бақытымыз.

Анамның тағы бір дегдз қасиеті – ауыл-үйдің айналасында түтіндей шалқытын бестекі әңгіме мен жел сөзден, өсек-аяннан бойын аулақ ұстайтын-дығы. Аяғының ауырғанына қарамастан, сылти ба-сып, төңірегінің амандығын түгендеп жүрген сәтінде әйелдер алқа-қотан бас қоса қалмай ма?! Ондай-да қолдары бар мезет істен босаған жандардың ау-ыздары сөзден босамайды. Күйбең тірліктің күмік жаңалығынан бастап, кімнің не істеп, не қойғанына дейін әңгімеге тамызық болады. Жарыса сөйлеп, жамырай қостайды. Өлгі бір мамыражай әңгіменің ауаны енді тұспалды, меуерінді, өзегі жоқ өсек-аянға бұрыла бастайды. Сөздің түсінің өзгеріп бара жатқанын сезе қойған апам: "Қой, мен қайтайын. Осындай оясыз әңгіменің ортасында Үрімқұт де бар екен деген абыройсыздыққа ұшырап, ұятқа қалармын" деп, орнынан тұрып, етегін қағып, дереу үйге қайтады. Бұл - қанқу сөзден қашық жүретінділігі, өсек-аянға құлақ түріп, айдаладағы жазықсыз біреудің күнәсіне қалмайын дегені...

(Жалғасы бар)

ҰСТАНЫМЫНАН АЙНЫМАҒАН

Жосалы кенті. 1948 жыл. 21 маусым. (Қай өңірлерді қамтығанын білмеймін, сол кезде Қармақшы ауданы бойынша жұқпалы оба ауруына байланысты карантин режимі болған. Дарияның арғы-бергі жағы, ауыл мен ауыл арасындағы қатынастар тоқтатылған.) Қараөзектің Сырдарияға құярлығы. Қараөзек үстінен салынған теміржол көпірі мен құярлыққа дейінгі аралықта кент тұрғындары бақша егеді. Әкем түске дейін бақшалықта жұмыс істеді. Мен қасында ойнап жүрдім. Жұмыстан кейін әдеттегідей әкем суға шомылды. Сегіз жасқа толмаған кезім. Әкем суға жүзе алмайтын. Белуардан келгенше суды кешіп барып, орнында тұрып, суға бір-екі сүңгіді. Мені де шомылдырып, жағаға көтеріп әкеп, енді бір сүңгіп алайын деп қайтадан суға түсті. Жүрелеп суымды сарқып отырмын. Әкем күндегіден өзгеше судың терең жағына қарай малтып бара жатқандай жағадан ұзай берді. Қарап отырмын, және әкемнің суға жүзіп бара жатқанына қуанғандай күйдемін. Өзектің ағысы түйені жұлып кететіндей тым қатты және өте терең болатын. Ортасына дейін барып қолдарын бір-екі сермегендей болып әкем көрінбей кетті. Біраз отырдым. Әкем жоқ. Бір кезде қол насоспен бақшасын суарып тұрған орыс әйелдің қасына аяғын ақсаңдап басатын Өшім (ол кісіні білетінім, балалардың тамағына суық тиіп ауырғанда, таңдайын басып ем жасайтын) деген кісі келді. Екеуі сөйлесті.

— Мына баланың әкесі суға батып кетті, - деп орыс әйел айтқан болу керек. Өлгі кісі маған жақындап:

— Өкең қайда? - деді.

— Жаңа суға түсіп жатқан жоқ, - дедім.

— Әй, қасқа қасқиған екенсің ғой - деді. Әкемнің суға батып кеткенін енді ғана түсініп, су жағалап жүгіріп жүріп жыладым...

Дарияның басына көп адамдармен бірге анам келді. Анам да, мен де жылаудамыз. Көпшілік басу айтып жатыр. Қайқы төс Жақан деген кісі суға әлденеше мәрте сүңгіді, суға жылым салды, ошақ салып іздеді. Бір апта бойы ағайын-туыстар күндіз-түні дария жағалаумен болды. Табылмады. Бір аптадан кейін Жосалыдан 30 шақырымдай дарияның «Қызылжар» деген тұсында қайырға тіреліп тұрған адам денесін көрген малшы кісілер Қармақшы ауданының милициясына хабарлаған. Әкемнің денесін тапқан кісілер дарияның сол жақ жағалауына судан шығарып уақытша (дене бұзылмас үшін) жерлеген.

Әкем жұмыс істеген механикалық зауыт жүк (полупторка) машинасын, жолда қалдыр болмас үшін арнайы рұқсат (пропуск) қағаз және бізге туыстығы бар милиционер Ұзақбай Бабабаев ағаны қосып берді. 11 жастағы апам Ағайшаны, 3 жастағы інім

Сәдуақасты үйде қалдырып, анам мені ертіп, Сқақ деген Отан соғысының мүгедегі, әкемнің немере інісі, қасына Жүніс молданы алып, жүргізушімен бес адам Сырдарияның оң жақ жағалауымен жолға шықтық.

Межелі жерге жеткенде дария жағасындағы малдың жағдайымен отырған үй иелерімен қасымдағы үлкендер ұзақ сөйлесті. Түсінгенім, жағалаудағы кісілер карантин режимін бұзған болып жазаланудан қорыққаннан, бізді арғы бетке өткізуге келісім бермеген. Мен, анам және милиционер Ұзақбай ағам әкемді жерлей алмай Жосалыға қайттық. Сқақ аға мен Жүніс молда сол жерде қалды. Жағалауда отырған кісілер сол түні оларды дариядан қайықпен арғы бетке өткізген.

Жүніс молда біздің отбасы және әулет үшін ардақты жан. Жүк машинасымен жолға шығып, түн ішінде қайықпен арғы бетке өтіп, күн шығысымен әкем Аңсатұлы Әбдіқадырдың денесін ақ жуып, арулап, кебіндеп сол жерде мал жағдайымен отырған кісілердің қатысуымен жаназасын шығарып, өзге де ислами шарттарын орындап, мәңгілік мекеніне орналастырған Жүніс молданың еңбегі өлшеусіз...

Жүніс молда көбіне есек мініп

жүретін. Ол кісінің нұр шашқан дидары, жұмсақ қоңыр үні, есекке мініп, түсіп жатқандағы келісті келбеті әркімге де сүйкімді болатын. Ол кісіні анадайдан байқағаннан өзіңізге парасат пен ізгілік жақындап келе жатқандай сезілетін.

Көп жылдан кейін өзім Жосалы механикалық зауытының бастауыш комсомол ұйымына жетекшілік еткенде, посепкелік, аудандық Кеңестің депутаты болған кездерімде аудандық партия комитеті Жүніс және басқа да бес-алты молдаларды шақырып, түрлі қыспаққа алып жатқандарына куә болдым. Партия комитеті басшыларының талаптары: Дінді насихаттай беруді тоқтату. Жаназа намазына көп адам, құран шығару істеріне көп молда қатыстырмау, тағы да басқа болмайтын, қисыны келмейтін малда мәселелер. Жүніс молда айтылған талаптарға майдай жұмсақ сыпайы қалпымен келіскен сыңайда жауап беретін де, райкомнан шығып ақ есегіне мініп кете беретін...

Бірақ, ауданның тұрғындары бақилық болған кісілерін намаздауды, құран аударту рәсімдерін Жүніс молда бастаған молдалардың басшылығымен орындап отырды. Партия-кеңес органдарында қызмет атқарғандардың

деген көшесінде қарапайым шаруа, мейірбан, тақуа жан Қарабазар кете Дайыров Баймұрат деген ақсақалмен бір аулада көрші тұрдық. Байекең



қорада майда мал ұстайды. Бағып семіртеді. Мал сойған күні, Құрбан айт пен ораза күндері ауыз аштырғанда Жүніс, Әлмұрат, Мінаж, Асан мақсұм деген кісілерді шақырады. Құран

Аманжолұлы Жүніс, оның зайыбы Ысқаққызы Рахима марқұмдардың рухтары шат болғай.

СӨПЕН АҢСАТ
Қызылорда, еңбек ардагері

АЛАЯҚТЫҚ КРЕДИТ РӘСІМДЕЛСЕ, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

- **ДЕРЕУ БАНККЕ НЕМЕСЕ МИКРО-ҚАРЖЫ ҰЙЫМЫНА (МҚҰ) ХАБАРЛАҢЫЗ**
Кредиттің алаяқтық жолмен ресімделгенін айтып кредиторға қоңырау шалыңыз немесе жазыңыз. Картаны, шотты және қосымшаны бұғаттауды;

жүгіну фактісін тіркеуді талап етіңіз.

- **ПОЛИЦИЯҒА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ**

Полицияға өтініш беріңіз (eGov, eOtinish немесе жеке барып). Банктің/МҚҰ-ның күнін, сомасын және атауын көрсетіңіз. Барлық дәлелдемені (SMS, алаяқтар қоңырау шалған нөмірлердің скриншоттары, хат-хабарлар, үзінді-көшірмелер) қоса беріңіз.

- **ПРОЦЕСТІК ҚҰЖАТТЫ АЛЫҢЫЗ**

Полиция: жәбірленуші деп тану туралы қаулыны (ҚПК-нің 71-бабы), немесе қылмысқа ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі **шаралар қабылдау туралы ұсыну**ды (ҚПК-нің 200-бабы) беруге тиіс, құжат тікелей кредиторға жіберіледі. Бұл құжат кредитордың пайызды (айыпақыны) есептеуін және қарызды өндіріп алуын тоқтата тұру үшін қажет.

- **ЕСЕПТЕУЛЕРДІҢ ТОҚТАТЫЛА ТҰРҒАНЫН ТЕКСЕРІҢІЗ**

Кредитор полиция құжатын алғаннан кейін күнтізбелік 3 күн ішінде: пайызды және айыпақыны (өсімпұл, айыппұл) есептеуді тоқтатуға; берешекті өндіріп алуды және талап-арыз жұмысын тоқтата тұруға міндетті.

- **ЕГЕР КРЕДИТОР 4-тармақта көзделген ШАРАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАДАН БАС ТАРТСА**, Банктің/МҚҰ-ның бас тартуын және полицияның процестік құжатын тіркеп, **ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӨНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІНЕ** eOtinish порталы арқылы шағым жіберіңіз.

- **БЕРЕШЕКТІ НЕГІЗДЕР БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА ҒАНА ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУҒА БОЛАДЫ**

Алаяқтық кредитті есептен шығару автоматты түрде болмайды. Бұл банк/МҚҰ тарапынан бұзушылықтардың расталған фактілері, сондай-ақ полиция мен соттың құжаттары болған жағдайда **ғана** мүмкін болады.

Егер банк немесе МҚҰ міндетті талаптарды бұзса және полиция алаяқтық фактісін растаса, **соттан тыс (сотсыз) есептен шығаруға негіздеме болады.**

ҚАНДАЙ БҰЗУШЫЛЫҚТАР МАҢЫЗДЫ БОЛЫП САНАЛАДЫ?

1) онлайн-кредитті ресімдеу кезінде **биометриялық идентификаттау жоқ;**

2) кредит клиенттің қарыз алудан ерікті түрде бас тартқаны туралы белгі қойылған кезде беріледі;

кредит берудің жас шектеулері бұзылған (кредитор бөлімшесінде жеке өзі болған кезде ресімделген кредиттің алуға **олардың келісімінсіз 21 жасқа толмаған** немесе **55 жастан асқан** адамға кредит берілген, не **eGov** порталы, кредиттік бюро немесе электрондық үкіметпен ықпалдастырылған кредитор жүйелері арқылы онлайн режимінде);

банкте 150 АЕК-тен жоғары сомаға және МҚҰ-да 75 АЕК-ке алғашқы тұтынушылық кепілсіз онлайн кредит беру жүзеге асырылды;

«шешім қабылдау кезеңі» сақталмаған — ақша белгіленген уақыттан бұрын берілген: - 150-ден 255 АЕК-ке дейінгі сомаға банктік қарыз шарты жасалғаннан кейін және қарыз алушының келісімін алмай, 8 сағат бұрын,

- 255 АЕК-тен жоғары сомаға — 24 сағат бұрын;

- 75 АЕК-тен астам сомаға микрокредит 24 сағат бұрын.

Көрсетілген шектеулер, егер клиент бір күн ішінде бірнеше онлайн-кредит ресімдесе де қолданылады.

Ерекшеліктер: кредит тауарға, қызметке немесе жұмысқа ақы төлеу үшін беріледі және тікелей сатушыға төленеді немесе егер кредит бойынша берешекті сол банкте немесе микроқаржы ұйымында, сондай-ақ төлем картасы бойынша белгіленген лимит шегінде 150 АЕК дейін өтеу көзделсе.

Қандай құжаттар қажет:

1) сізді жәбірленуші деп тану туралы полиция қаулысы (ҚПК-нің 71-бабы), немесе

2) алаяқтық мән-жайларын жою жөнінде

шаралар қабылдау туралы полицияның ұсынысы (ҚПК-нің 200-бабы).

Кредитор кредиттің көрсетілген бұзушылықтармен берілу фактісі анықталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде және құқық қорғау органдарының процестік құжаттары болған кезде берешекті есептен шығарады, кредиттік тарихқа өзгерістер енгізеді және ұсталған соманы қайтарады.

Егер банк/МҚҰ тарапынан бұзушылықтың жасалғаны айқын болмаса, бірақ полицияның тергеп-тексеруі алаяқтық фактісін растаса полиция дәлелдер базасын жинайды және материалдарды сотқа тапсырады;

сот кредиттің алаяқтық жолмен ресімделу фактісін белгілейді және оның банк/МҚҰ жасаған бұзушылықтардың салдарынан болғанын растайды.

Банктің/МҚҰ-ның негізгі бұзушылықтары:

үшінші тұлғаның клиенттің идентификау деректерін заңсыз алуы және пайдалануы (құрылғыларды қашықтан басқаруды қоса алғанда);

биометриялық идентификаттаудың бұзылуы;

алаяқтық белгілерін анықтау және тіркеу жөніндегі талаптарды сақтамау.

СОТ ШЕШІМІ ЗАНДЫ КҮШІНЕ ЕНГЕН-НЕН КЕЙІН Кредитор 10 жұмыс күнінен кешіктірмей:

мұндай кредит бойынша берешекті **есептен шығаруға;**

клиентке ұсталған немесе төленген соманы **қайтаруға;**

кредиттік тарихты **жаңартуға** міндетті. Полицияның процестік құжатынсыз немесе сот шешімінсіз **банк/МҚҰ кредитті есептен шығара алмайды.**

Есептен шығару қолданыстағы заңнама шегінде **банктің/МҚҰ-ның** белгіленген бұзушылықтары жағдайында ғана жүргізіледі.

Банк/МҚҰ талапты орындаудан бас тартқан кезде Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне **eOtinish порталы** арқылы шағым беріңіз.

КӨППӘТЕРЛІ ҮЙ ЖАРНАЛАРЫН ЕСЕПТЕУДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

Биылғы жылдың 18 қазанында Құрылыс министрінің Қазақстанда көппәтерлі үйлерге қызмет көрсету жарналарын есептеу тәртібі туралы бұйрығы күшіне енеді. Егер де көппәтерлі үйдің жарналары бекітілмесе, не болмаса, бұған дейінгі мөлшері тым төмен болған жағдайда жарналар жаңа әдістеме бойынша есептеледі. Алдымен қазіргі бағалар ескеріледі. Ол үшін кем дегенде үш коммерциялық ұсыныс негізге алынады. Бұдан бөлек, жарналар айлық есептік көрсеткішпен бекітіледі және жыл сайын инфляцияға қарай қайта есептеліп отырады. Әкімдік жарналардың ең төменгі мөлшерін анықтайды. Демек, көппәтерлі үйді күтіп ұстауға қажетті жарналардың мөлшері тым төмен болса, ондай үйдің төлемдері көтеріледі.

Қазір көппәтерлі үйлерде жарнаның үш түрі бар.

Ағымдағы жарналар — бұл күнделікті шығындар. Мәселен, үйдің кіреберістерін жинау, жуу, жарық, өрт қауіпсіздігі дегендей. Бұл жарналар түбіртекте «Тұрғын үйді күтіп ұстауға арналған шығындар» деп көрсетіледі. Оның мөлшері пөтердің көлеміне қарай белгіленеді.

Жинақ жарналары — бұл күрделі жөндеуге жұмсалатын ақша. Бұл жарнаның ең төменгі тарифі 1 шаршы метр үшін 0,005 АЕК-ті, яғни 19 теңгені құрайды. Жинақ жарналарын тек жалпы жиналыстың шешімімен және күрделі жөндеуге ғана жұмсауға рұқсат бар;

Нысаналы жарналар — сметада қарастырылмаған шығыстар. Мәселен, домофоны орнатуға, кіреберістің терезесіне тор қоюға, не болмаса, шағын жөндеу жұмыстарына жұмсауға болады.

Заң бойынша ағымдағы және жинақ жарналары ая сайын төленеді. Ал нысаналы төлемдер тек қажет болған жағдайда жасалады.

Құрылыс министрінің бұйрығына сәйкес көппәтерлі үйді күрделі жөндеуге қажетті ақшаны жинау үшін мүлік иелері бірлестігінің төрағасы немесе басқарушы компания алдымен он бес күннің ішінде банкке жинақ есепшотын ашуы қажет. Есепшоттағы ақша тек заңды түрде рәсімделген тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу келісімшарттары негізінде аударылады. Жиналған қаржыны қолама-қол ақшамен жұмсауға тыйым салынады. Күрделі жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін қаржыны нысаналы пайдалану актісі рәсімделеді. Оған мүлік иелері бірлестігінің төрағасы, басқарушы компания мен үйдің кеңес мүшелері қол қояды.

Пөтердің иесі пөтерін сатып жіберсе, жарналар қайтарылмайды. Ал пөтерді сатуға дейін жарна төленбеген жағдайда мүлік иелері бірлестігінің төрағасы ол ақшаны сот арқылы өндіріп алуға құқылы.

Көппәтерлі үйдің жарналарын төлеудің ең соңғы мерзімі де бар. Енді әрбір айдың 25-сіне дейін барлық жарнаны аударып қою қажет. Жарна уақытында төленбесе, өсімпұл есептеледі. Пәтер иесі жарнаны екі айдан астам уақыт төлемесе, басқарушы компания ол ақшаны нотариус, немесе сот арқылы өндіре алады.

Биылдан бастап пәтер иеленушілерден бөлек автотұрақ пен қойма иелері де жарна төлейді. Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, көппәтерлі үйлерді басқарудың екі формасы ғана қалды. Мүлік иелері бірлестігі; 36 пөтерден аз үйлер де тікелей басқару бұрынғы «СКК»-лар көпәтерлі үйдің тұрғындарымен келісімшарт жасап, басқарушы компания ретінде ғана жұмыс істей алады. Сондықтан барлығы қайта тіркеуден өтуге міндетті.



Айдың бас жағы қызықты оқиғаларға, адам жанын жай тартырмайтын жақсы жаңалықтарға, қарбалас тірлікке толы. Содан да “ақырын жүріп, анық басатындар” үшін қиын-ақ. Олар үшін басқалардың қате қадамдарды жасау себептері, бұрын қабылданған шешімдерді өзгертуге талпыныстары, өз міндеттерін ұмытып, басқаларға проблема тауып беріп жүргені түсініксіз-ақ. Алайда адамдардың өз еркінен тыс түрлі қате қадамдарға баруына, өрескел шешімдер қабылдауына кездейсоқ келген махаббат кінәлі болуы мүмкін. Еріктен тыс, уақытпен санаспайтын махаббат бас айналдырады. Жұмыс және басқа да міндеттер кейінге қалады. Оқу, бос уақытты тиімді өткізу дегендер ұмыт болады. Барлық шығармашылық шабыт көңіл сезімін тыныштандыруға бағытталady.

Махаббатқа ұшырамаған, өз мақсаты мен міндеттерін ұмытпаған, тіпті сезімге берілмей, ақылын сақтап қалғандар айдың бірінші жартысында еселеп жұмыс істейді. Есесіне жемісін де екі еселеп көреді. Бұл уақыт қаржы мәселесін шешуге, құжаттарды рәсімдеуге, сондай-ақ мемлекеттік органдармен байланыс орнатуға қолайлы.

Айдың орта жағынан бастап ұзақ мерзімді жоспарлар құруға, іскерлік келісім-шарттар жүргізуге, әрі жақын адамдармен маңызды мәселелерді шешуге қолайлы. Бұрыннан келе жатқан проблемалар сыр беруі мүмкін. Алайда олардың тез шешімі табылады.

Әрі қарай толқынысқа, қобалжуға негіз жоқ. Бәрі жоспар бойынша. Қазанның соңғы күндері тіпті жеңілтпек адамдардың өздері де маңызды қалып ұстайтын, көптеген проблемалардан құтылатын кезең.

ТОҚТЫ.

Жамаң ай емес. Егер де осы айда сәттілік болса, одан тезірек пайда табуға тырысу керек, әсіресе кәсіби салада. Қызметтен өсуге көптеген мүмкіндіктер ашылады. Өзіңіз бұрын арман-дамаған да ұсыныстар болуы мүмкін. Тез шешім қабылдау керек. Өз күшіне сенімділік, батылдық қайсыбір бастамада болмасын айналаға жақсы әсер қалдырады. Одақтастар табуға ықпал етеді.

Алайда қазан айында шыдамдылық пен табандылық өте қажет. Әрине шыдамдылық бойыңызда бұрыннан бар. Бірақ өз мінезіңізді өз еркіңізде ұстау өте қиын. Ашуға бой алдырсаңыз, соңы қиындау болады. Әсіресе жеке қарым-қатынастарда. Қызғанышқа, бос күмәнға бой алдырмаңыз. Маңызды шешімдер қабылдағанда айналасыңның ақыл-кеңесіне жүгініңіз.

Қазанда маңызды шешімдер қабылдау мүмкіндігі бар. Мақсатыңызды, алға барар бағытыңызды айқындап алыңыз. Түйсігіңізге сеніңіз. Айналадағылардың еңгіме, сөзіне сеніп, алданып қалмаңыз.

ТОРПАҚ.

Айдың бас жағы сәтсіз басталғалы тұрған сияқты. Жүніңіз жығылмасын. Бірте-бірте жақсы жаңалықтар бола бастайды. **Айдың орта шенінде** өз мүмкіндігіңізді жіберіп алмаңыз. Сәттілікке сеніңіз. Жеңіске жетесіз. Әрине батылдық таныту керек.

Айдың ора шені сәтті кезең. Бәрі де өз рет-ретімен. Жоспарларды жүзеге асырарда жұлдыз-намаға назар аударыңыз. Тілек тілей біліңіз, бастама көтеріңіз, амбицияңызды жасырмаңыз. Бәлкім қызметте жедел көтерілесіз. Қызметтік махаббат болуы да мүмкін.

Қазанның соңғы жағы тыныш. Бұрынғы басталған істерді аяқтауға, қорытынды жасауға қолайлы, кейбір Торпақтар осы кездері тәжіри-бесімен бөлісетін, жақсы ақыл-кеңес беретін адамдармен танысады. Мүмкіндігіне қарай көбірек демалған дұрыс. Өйткені ағза шаршап тұр.

ЕГІЗДЕР.

Айдың бас жағы өте сәтті кезең. Қолайсыз жағдайлар болмай қалмайды. Бірақ барлығын жақсылық жуып кетеді. Өз ойыңызды жақсыға бағыттасаңыз, маңызды істе табысқа қол жеткізесіз, немесе осы уақытқа дейін көп күш жұмсаған жұмыс жобасын табысты аяқтайсыз. Табыс өз-өзінен келеді. Жақсы нәтиже алу үшін көп күш жұмсаудың қажеті жоқ.

Қызметтен өсуге ұмтылып жүргендер үшін сәтті кезең. Олар өз қабілеттерін көрсететін мүмкіндікті жібермейді. Олардың таланты, дағдылары, білімі қазіргі уақытта өте қажет. Содан да қызықты ұсыныстар болуы мүмкін, соған орай қызметтен жедел көтерілуі де ғажап емес. Оның үстіне ықпалы зор, беделді адамдар да қолдау көрсетеді. Нәтижесінде жаңа мүмкіндіктер ашылады.

Жеке өмірде маңызды бір оқиғалар орын алуы мүмкін. Жақын адамдармен қарым-қатынаста

"Ақшамның" асханасы

ТЕЗ ДАЙЫНДАЛАТЫН КЕШКІ АС

Күн суытып келеді. Жұмыстан үйге келгенде қас қарайып қалатыны анық. От жағып, күл шығармаймыз дегенменен кешкі ас дайындауға біршама уақыт кететіні сөзсіз. Қазіргі кездері дүкен сөрелерінде көкөністің, тағы да басқа қажетті заттардың түр-түрі бар. Солардан құрастырып тез дайындалатын кешкі ас әзірлеуге болады.



ЖҰМЫРТҚАМЕН ҚҰЫРЫЛҒАН ЛАПША

Қажетті заттар: 200 гр. лапша, немесе спагетти, макарон, 1 түйір жуа, 1 түйір жұмыртка, 40 гр. імбір тамыры, 4 тіс сарымсақ, 0,5 түйір лимон немесе лайм, ¼ дөңгелекше чили бұрышы, бірнеше сабақша базилик, 1 шай қасық қуырылған күнжіт, 50-70 мл. құнбағыс майы, ¼ ас қасық соя соусы, татымына қарай тұз, бір шымшым кант.

Дайындалуы: Тұзды суда спагеттиді кайнатамыз, жуаны, імбірді майдалап тураймыз, сарымсақты, чили бұрышын дөңгелекшелеп тураймыз. Табаға майды құйып, қыздырып, бір жұмыртқаны жарып салып, араластырып тұрып дайын болғанша қатты отта қуырамыз. Үстіне туралған жуа, імбір, сарымсақ, бұрышты қосамыз. Барлығын қатты отта қуырып, 1 минуттан кейін асылған спагеттиді қосамыз. Сосын кант, соя соусын, жарты лимонның шырынын қосамыз. Базелик жапырақтарын қосуды да ұмытпайық. Барлығын жақсылап араластырамыз. Тәрелкеге салар алдында үстіне қуырылған күнжутты сеуіп, дастарханға әкелеміз.



түйір көк бұршақ, сары май, балызам уксусы, өсімдік майы, бірнеше шымшым кептірілген жалбыз, бұрыш, тұз, балдыркөк, қуырылған күнжұт.

Дайындалуы: Түрлі-түсті капустаны бөліктерге бөлеміз. Үстіне кінгегейді құямыз, сары майды қосамыз, ортамына қарай тұз қосып, орташа отта 15 минуттай дайындаймыз. Капуста дайындалып жатқан кезде сары майға ұсақтап туралған жуаны үстіне саңырауқұлақ қосып, әбден қызарғанша қуырамыз. Табаға шамалы өсімдік майын құйып, бірнеше майда туралған сарымсақ тісін қуырамыз. Сәл уақыттан соң саңырауқұлақтарға балызам уксусынан себелеп, шамалы кептірілген жалбыз қосамыз. Татымына қарай тұз қосып, араластырамыз. Дайын болуына шамалы қалғанда табаға балдыркөк пен сарымсақтың қалғанын саламыз. Дайын болған түрлі-түсті капустаны дәміне қарай тұз, бұрыш қосамыз. Бір шымшым кант, шамалы қуырылған күнжұт қосып, барлығын блендерде айналдырамыз. Дайын болған кілегейлі езбені дәмді саңырауқұлақпен бірге дастарханға қоямыз.

ЖАЛБЫЗДЫ ҚАЛАЙ ҚАТЫРУҒА БОЛАДЫ?

Қазір сусындарға қосатын мұз түрлері жеткілікті. Ыстық күндері оның пайдасы көп екендігі анық. Алайда ауа райы салқындағанда мұздың қажеті бар ма деген сұрақ болатыны рас. Қайсыбір мейрамханаларда, кафелерде болмасын жалбыз қосылған әр алуан сусындар өтімді. Оған балғын жалбыздың табыла бермесі де белгілі. Сол себепті де



жалбызды мұзға қатыруға тура келеді. Қалаған кезінде суға қосып, коктейльге қосып, тіпті шайдың өзіне де қосып іше беруге болады.

Дайындалуы: Балғын хош иісті жалбызды алдымен салқын суға жуып аламыз. Қанша дегенмен шаң-тозаң, ұсақ зәңдіктер болуы мүмкін. Содан соң қағаз сүлгіге кептіріп алуға болады. Бәрібір суда дайындалатын болғандықтан кептір-месе де болады. Жалбыздың саба-ғынан жапырақтарын ажыратып алып, жапырақтарын блендерге саламыз. Сабақтарын тастамаған жөн. Мұздат-қышқа салып қойса кейіннен қамтот немесе шырын дайындағанда пайда-лануға болады. Блендердегі жалбыз жапырағының үстіне лимон шырынын қосамыз. Үстіне су құйып, судың таза, тындырылған, немесе қайнаған болғаны жөн, блендерде әбден қоймалжың бол-ғанша айналдырамыз. Қою болып қалса үстіне тағы су қосамыз. Содан соң форма-ларға орналастырамыз. Бірнеше саятқа

берілудің, өзін де, басқаларды да алдаудың қажеті жоқ. Қиын жағдайдың өзінде де дұрыс таңдау жасап, қалыптасқан жағдайды оң бағалай аласыз.

БИКЕШ.

Қазан айы туралы біржақты айтуға келмейді. Бір жағынан қызықты мүмкіндіктер бар, екінші жағынан сынақ көп. Сабырлы болып, алдауға көніп қалмай, қателік жібермеуге тырысу керек. Әрине қиын. Тіпті өте сақ, ақылды Бикештердің өздері де алдауға түсіп қалуы мүмкін. Дегенмен дұрыс таңдау жасап, өз дегеніңізден қайтпасаңыз көптеген істе мол табысқа кенелесіз.

Өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалай білу маңызды. Қай кезде де ақылды шешім қабылдаған артықтық етпейді. Алтыннан тау уәде ететіндерден, іші-бауырыңызға кіріп, жылмандайтындардан абай болыңыз. Әдетте табысқа жетудің оңай еместігін білетін одақтастар барлық кезде де пайдалы, әрі бағалы.

Қаржы мәселесінде өте абай болған дұрыс. Негізгі сенімсіз келісімдерден, несиеге ірі зат сатып алудан, сондай-ақ кез-келген жобаға қаржы салудан аулақ болыңыз.

ТАРАЗЫ.

Тынымсыз ай. Күтпеген, жақсы жағдайлар жетерлік. Бірақ бәрі де өзіңіз ойлағандай бола бермейді. Сондықтан да жоспарды өзгертуге, аяқ астынан ойлап табуға, шешімдер қабылдауға дайын болыңыз. Өзіңіз үйренген әдістердің тиімділігі әлсірейді. Содан да ойды да, қимылды да жаңаласаңыз, қазан айының берері мол.

Бұл белгідегілердің көпшілігінде жаңа қызығушылық, мақсаттар пайда болады. Әдетте ол басқа адамдардың көзқарасына, менталитетіне, әдеттеріне байланысты. Жолсапарға шыққан Таразылар уақытты көңілді өткізіп қана қоймай, көптеген қызықты жайттармен танысады. Олар үшін бұл ақпараттар пайдалы болып, өмір сүру бағыттарын өзгертуі мүмкін.

Қазан айында жаңа таныстықтар жетерлік. Бірақ кездесудің барлығы бірдей жаңа қарым-қатынастың басы бола бермейді. Әрине сіз басқаға жақсы қарағанмен, ол да өзіңізге жақсы қарамаса көңіл қалатыны сөзсіз. Екінші жағынан босқа үміт етпейсіз. Ал кейбір Таразылар үшін бұрынғы қарым-қатынастарды қайта жаңғыртуды ойлануға тура келеді.

САРЫШАҢ.

Қазан айында көңіл толқулары, сынақ өте көп. Оқиғаларға толы ай. Әсіресе табысқа тез қол жеткізгісі келетін, ұзақ күте алмайтын, бір бағытта тұрақтап қала алмайтын Сарышаңдар үшін тосын жайлар жеткілікті. Бұндай адамдардың өмірі тез өзгереді. Кейбір тосын жағдайларға тез көңіл аудару керек болар. Айдың орта шенінде күш-қуатты қайта қалпына келтіру, болып жатқан жағдайлар туралы дұрыстап ойлану үшін үзіліс алған дұрыс болар.

Екінші жағынан қазан айында іш пыспайтын-дығына, сондай-ақ көңілсіз ояларды ойлауға да уақыт жоқтығына қанағат етесіз. Қызықты, әрі әр түрлі істер көп болғанда, олардың бірінен біріне ауысып жатқанда өз талантыңызбен, қабілетіңізге таңқаласыз. Жаңа табынушылар, одақтастар, қолдаушылар пайда болады.

Махаббат сезімі орын алады. Жаңа қарым-қатынастар жақсы сезім сыйлағанымен көпке бармауы мүмкін.

МЕРГЕН.

Қызмет бабында жақсы өзгерістер орын алады. Өзіңіздің қабілетіңізді көрсетуге, өзіңізді барлық жақсы жағынан дәлелдеуге қолайлы уақыт. Содан да өзіңізбен бірлесе әрекет еткісі келетіндердің қатары көбейеді. Олардың арасында ықпалды, беделді жандар да бар. Кейбір Мергендер қызмет бағытын өзгертіп, өз қабілеттерін жаңа салада сынға салады. Бұл ретте дұрыс шешім қабылдау

мұздатқышта қатырамыз. Әдетте бір түнге қойған жақсы. Содан соң оны кубиктерге бөліп, пайдаланса беруге болады.

ҚЫСТЫҢ КҮНІ ҚАНДАЙ ТОСАП ЖАСАУҒА БОЛАДЫ?

Құлаққа тосын естілуі мүмкін. Әдетте жаз мезгілі — тосап кезеңі. Өйткені маусымына орай жеміс-жидектер мол болады. Күз келгенде жаз бойы банкіге жапқан тосаптарды жейтін сәт деп ойлаймыз. Дегенмен кеш пісетін, яғни осы қазан-қараша айында пісетін жемістер де бар. Соның бірі — айва. Негізгі оны алтын алма деп те айтады. Жемісі өте қатты. Түсі алтын түстес сары. Піспеген кезде жасыл түс береді. Сыртында түктері бар.



Піскенін осы түгінің түскенінен де білуге болады. Әдетте оны джем, мармелад, сондай-ақ алкогольді сусындар дайындауға пайдаланады. Одан тосап жасау үшін **қажетті заттар:** 2,5 келі айва, 2 келі кант, 1 түйір қабығы қалың лимон, 250 мл су, 2 сабақ қалампыр.

Дайындалуы: ең қиыны айваны әдемілеп жуу керек, қабығындағы түктер түгел түсуі қажет. Металл щетка, немесе губка пайдалануға болады. Жарты сантиметр қалыңдықта айваны бөліктерге бөлеміз. Бұл да оңай емес, өйткені айва тығыз. Тұқымын әрине алып тастау керек. Нәтижесінде өңделген айва 2 келідей болады. Лимонның шырынын бөліп аламыз. Айваның үстіне осы лимон

үшін өз түйсігіңізге сеніңіз. Өйткені ойлануға қажетті ақпараттар өте аз.

Жеке өмір мен жұмыс арасында үйлесім табу оңай емес. Жақын адамдарыңыз өздеріне жеткілікті назар аудармады, отбасылық дәстүрді ұмытты, отбасынан гөрі жұмысты жоғары қойды деп ренжуі мүмкін. Жоспар құрғанда осы жайды ескеріңіз. Өзіңізге қымбат жандармен қарым-қатынасқа уақыт қалдырыңыз.

Осы айда болған оқиғалар өткен шақтағы жағдайларға,сөзімдерге басқаша қарауға ықпал етеді.

ТАУЕШКИ.

Көптеген бағытта табысқа қол жеткізесіз. Өйт-кені жеңістің оңай келмейтінін, кездейсоқ сәттілік болмайтынын білесіз. Шыдамдылықпен еңбек ету ең басты көмекшіңіз. Бәлкім біреулер үшін бұл соншалықты маңызды емес шығар. Алайда осы ай бойына еңбегіңіздің әділ марапатталатыны көңіл қуантады.

Бұрыннан келе жатқан мәселелерді, өзіңізге қатысы болмауы да мүмкін, шешу үшін уақыт бөлуге тура келеді. Мойындау керек, бұған сон-шалықты құлықты емессіз. Бірақ бәрін рет-реті-

мен орындап шықсаңыз, нәтижесіне өзіңіз де риза боласыз. Кейбір Тауешкілер жаңа достар табады, кейбіреулер тәжірибе жинақтайды. Ең бастысы — жақын адамдарыңыздың қолдауы. Барі бірден қолдап кетеді деп сену қиын. Олардың қолдауына ие болғанша жалғыз әрекет етуге тура келеді. Өз мүмкіндіктеріңізден асып кетпеңіз. Өз-өзіңізді кіналай берменіз. Өз-өзіңізге құрметпен қараған жағдайда өміріңізде жақсылық көп болып, қуанышты сәттер де көбейіп, жақсы көңіл-күйде боласыз.

СУҚҰЙЫШ.

Қазан айы қызықты, әрі үміт көп. Іскерлік әлемінде жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Соңғы уақыттары бір орында тұрып қалғандай, өз қабілетіңізді жүзеге асыра алмай жатқандай сезінсеңіз, қазір жаңаны бастап, өз қабілетіңізді көрсетіп, серпілетін уақыт. Қайсыбір нәрсеге болмасын шығармашылықпенқарайтынқабілетіңіз — өзіңіздің артықшылығыңыз. Осының арқасында баяғыдан келе жатқан қарсыластарыңызды жеңіп, жаңа одақтастар табасыз.

Өз жобасын бастауды ойланып жүрген Суқұйғыштар үшін қолайлы кезең. Таңдап алған бағытпен асығыстық танытпай, қобалжмай, алға нық қадам жасай білсеңіз, бәрі де оңынан келеді. Кездейсоқ кездесулер, қызықты таныстықтар болуы мүмкін. Кейбір Суқұйғыштар бұрын жақсы-лығын көп естіген адамдармен жүздеседі.

Осы айда қол жеткізген тәжірибенің арқасында өз-өзіңізді сенімді сезініп, күмәннан арылып, аяғыңыздан нық тұрасыз. Айдың ортасында-ақ өз өміріңізді өзгерте алатыныңызға, айдың соңғы жағында алға қойған мақсатқа жететіндігіңізге сенімді боласыз.

БАЛЫҚТАР.

Жақсы, жағымды көңіл-күйден арылмаңыз. Айдың қалай болары өзіңіздің сезімдеріңізді игеру қабілетіңізге байланысты. Жамаң ойларға бой алдырмаңыз. Біреулерге ұнамағаны үшін керемет идеялардан бас тартпаңыз. Өз бетінше маңызды шешім қабылдай білу көптеген Балықтар үшін өте күрделі. Өз шешімдерін қорғап қалу үшін қатаң әрекет етуге тура келеді. Шын берілген жандар шыдамды келеді. Жеке қарым-қатынаста қобалжудың реті жоқ.

Іскерлік әлемінде табысқа қол жеткізгіңіз келсе, жаңаны үйренуден, жаңа білім алудан қашпаңыз. Неғұрлым көбірек қызығушылық танытсаңыз, соғұрлым пайдалы таныстықтар болады, сондай-ақ өз позициясын нығайтудың да мүмкіндігі мол.

Тәуекел етпеңіз. Көптеген Балықтар күмәнді ұсыныстарға, қайітті оқиғаларға кез болуы мүмкін. Реті келсе алдағы мақсатқа жету үшін қауіпсіз жолды таңдаған дұрыс.

шырынын құямыз, қарайып кетпес үшін.

Қант қосамыз, жақсылап араластырамыз. Содан соң үстінен су құямыз, негізі айваны шұңғыл ыдыста қайнатқан дұрыс. Баяу отта 30-40 минут қайнағаннан соң шырыны көбірек бөліне бастайды. Демек, жақсы қайнап жатыр деген сөз. Араластырамыз, қақпағын жауып, әлсін-әлсін араластырып, тағы да 1,5 сағат қайнатамыз. Тосап дайын болған кезде лимонның қабығын, қалампырды қосып, әбден араластырып, 5-10 минуттай тағы қайнатмыз. Тосап дайын. Айваның құрамында пектин өте мол. Демек ағзаға өте пайдалы.

АСҚАБАҚ ПЕН СӘБІЗ ТОСАБЫ

Қажетті заттар: 3 келі асқабақ, 0,5 келі сәбіз, 0,5 келі қураға, 1 келі қант, 200 мл су.

Дайындалуы: алдымен асқабақты, сәбізді дайындаймыз. Асқабақты жуып, қабығын алып, ортасындағы тұқымдарын тазартамыз. Асқабақ етің кішкене кубик етіп тураймыз. Сәбізді де жуып, тазартып, кубик етіп тураймыз. Қурағаны жуып,



жартыға, немесе одан да азға бөліп тураймыз. Кубик етіп туралған асқабақты, қурағаны, сәбізді шұңғыл ыдысқа саламыз, үстінен қант, су қосып баяу отта қайнатамыз. Қант ери бастағанда отты көтеріміз. Үздіксіз араластырып, қайна-ғанға дейін жеткіземіз. Содан соң тосапты суытамыз, суығаннан кейін тағы да осы әдіспен екінші рет, тіпті үш рет қайнатып алуға болады. Соңғы қайнатқан кездері лимон қышпылын қосса тіпті жақсы.